

Тәуелсіздіктің әрбір жылының біз үшін мәні бөлек, маңызы айрықша... Халқымыздың басына түскен қандай да бір сынаққа қарамастан біз тәуелсіздігімізді нығайту жолындағы жасампаз істерімізді жалғастыра бермекпіз.

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТӘУЕЛСІЗДІК-30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН
ҮШІН МАҢЫЗЫ...»

3

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

6

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 6 қыркүйектегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
885 967

II компонентпен
769 114

адам вакцина салдырды

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

07.09.2021

Түнде:

+11+13 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+20+22 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
9-14 м/с

08.09.2021

Түнде:

+7+9 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
5-10 м/с

МЕГАПОЛИСТІҢ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ КАРТАҒА ТҮСТІ

Алматыда жасыл желектің электронды реестрі іске қосылды



Ол енді көпшілікке қолжетімді. Жасыл желектерді есепке алу сапасына қатысты мәселелердің болуына байланысты былтыр қала әкімі Бакытжан Сағынтаев арнайы тапсырма берген. Ол бойынша жасыл желектерді (барлық түрлері бойынша ағаштар, бұталар, көгалдар мен гүлзарларды қоса),

сонымен қатар жүргізіліп жатқан санитарлық қорғау мен күтім шараларына жедел мониторинг жүргізу ойдағыдай іске асуда. <https://eco-almaty.kz/> сайтындағы интерактивті картамен қатар «Алматы қаласының жасыл кеңістіктерінің реестрі» қосымшасын да жүктеуге болады.

3

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

ЖЕҢІМПАЗҒА – 5 МИЛЛИОН ТЕНҒЕ!

Алматыда аула аумағын көгалдандыруға
байқау жарияланды



Алматыда қала күніне орай «Аула аумағын үздік көгалдандыру – 2021» байқауы жарияланды.

Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Бакытжан Сағынтаев өзінің Twitter-дегі парақшасында жазды. «Қала күні қарсаңында аула ау-

мағын үздік көгалдандыру байқауының басталғаны туралы хабарланды. Тұрғын үй иелері бірлестіктерінің өкілдері, сондай-ақ қала тұрғындары <http://ecovid.kz> сайтында өтінім бере алады. Жеңімпаз 5 млн. теңге алады», – деп жазды Алматы қаласының әкімі.

16

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғысөзімен бұқаралық ақпарат құралдары мамандарына арналған «Сөзтүзер» сөздігі жарық көрді.
- Бүгін Үкімет отырысы өтеді.
- Президент телерадиокешені «Абайдың қара сөздері» көркем киножобасын түсіруге кірісті. 15 бөлімнен тұратын жоба Алматы мен Алматы облысында түсіріледі.
- Елімізде ғылыми институттарды қаржыландыру ережесі әзірленіп жатыр.
- Тұрмыстық зорлық-зомбылық пен жасөспірімдерге қатысты жасалатын қылмыстық істерді тергеу үшін полиция-қыздар дайындалуда.
- Донор ретінде қан тапсырғандарға берілетін өтемақы сомасы алты есеге көбейтіліп, ол енді 4375 теңге болатын болды.
- Қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы «Целинный» кинотеатры ғимаратын қайта жаңартқаннан кейін онда заманауи Өнер орталығы ашылатынын хабарлады.



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ӘКІМ ЕЛШІМЕН КЕЗДЕСТІ



Қала әкімі Бақытжан Сағынтаев Испанияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Х.Урбиоламен кездесті.

Бұл туралы Бақытжан Сағынтаев өзінің Twitter-дегі парақшасында жариялады. «Испанияның Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Х.Урбиоламен сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы өңіраралық ынтымақтастықты дамыту мен нығайту, IT, креативті экономика мен экологияда тәжірибе алмасу мәселелерін талқылады», – деп жазды әкім.

Кездесуде сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық саладағы өңіраралық ынтымақтастықты дамыту мен нығайту, IT, креативті экономика мен экологияда тәжірибе алмасу мәселелері талқыланды.

АҚШАМ-АҚПАРАТ.



Алматыда **97,8 %** мемлекеттік қызмет көрсету түрі автоматтандырылды.



Шаһарда шамамен

2 миллион**352** мың ағаш бар.

Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша Алматы қаласы бойынша әлеуметтік маңызға ие азық-түлік тауарларын тұтыну бағасының индексі

109,5%-ды құрады.

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021

ШЫНАЙЫ
ЖАУАП
МАҢЫЗДЫӘсел
ДАҒЖАН

Онлайн-санақтан өту бойынша мегаполистер алда келеді. Санақтан өту үшін sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді. Ал санақтан онлайн өтпегендер 1–30 қазан аралығында интервьюерлердің сауалдарына жауап беруі қажет.

6 қыркүйек сағат 9.00-дегі жағдай бойынша 302 159 респондент онлайн-санақтан өтті. Олардың 271 066-сы sanaq.gov.kz сайтында, 25 669 Egov порталындағы сайт сілтемесін пайдалана отырып жауап берсе, 5424 адам санаққа Aitu қосымшасы арқылы қатысқан.

Алғашқы 5 күннің қорытындысымен мегаполистер алға шығып отыр. 46 480 нұрсұлтандық тұрғын санақтан өткені жайлы хабарлама алса, онлайн-санақтан өткен тағы 43 690 адам Алматыда тіркелген. Үздік үштікті Шымкент түйіндеп тұр. Мұнда 40 791 адам санақ сауалдарына жауап берген.

Бұл көрсеткіш бойынша әзірге соңғы екі орынды Маңғыстау және Атырау облыстары еншілеп тұр. Бұл өңірлерде сәйкесінше 3350 және 2542 адам санақтан өтті.

Санақ кезінде азаматтардан алынған барлық мәлімет Ұлттық статистика бюросының орталық серверіне жіберіледі.

Ұлттық статистика бюросының ақпараттық жүйесі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымдардың аса маңызды нысандарының тізіміне енгізілген және ҚР ҰҚК «Мемлекеттік техникалық қызмет» АҚ талдауына алынған. Сондай-ақ, санақ қарсаңында ақпараттық жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі сынақтан өткізіліп, ол бойынша оң нәтиже алынған болатын. Тағы бір ескертетіні, арнайы sanaq.gov.kz сайтының қорғанышы ретінде сервер мен қолданушы арасындағы ақпарат алмасу [https](https://sanaq.gov.kz) хаттамасымен қорғалған. Өлемдегі ірі сертификаттау орталықтарының бірі – Sectigo SSL-сертификатын алған.

Ұлттық статистика бюросы азаматтарға белсенділігі үшін алғыс айта отырып, са-

нақты онлайн өтуге шақырады. sanaq.gov.kz сайты 15 қазанға дейін тәулік бойы қолжетімді болмақ. Онлайн-санақтан өтпегендер 1–30 қазан аралығында интервьюерлердің сауалына жауап бере алады. Барлық сауал бойынша 1446 байланыс орталығына хабарласуға болады. Қоңырау шалу – тегін. Ұмытпаңыздар, Қазақстанда әркім маңызды! Ол үшін әрбір сауалға шынайы жауап беріңіздер.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Үшінші тұлғалар тарапынан алаяқтық іс-әрекеттерді болдырмау үшін естеріңізге саламыз: 1 қыркүйектен бастап sanaq.gov.kz сайтында санақ онлайн өтіп жатыр, сондай-ақ, сауалнама egov.kz сайты мен aitu.kz қосымшасы арқылы да қолжетімді. Санақ үшін интервьюерлердің үй шаруашылықтарына баруы 1 қазанда басталады. Халықтан сауалнама алу үшін шаруашылықтарға интервьюер арнайы өзі барады. Ол үшін интервьюер міндетті түрде тиісті куәлік ұсыну қажет. Сақ болыңыз және бөтен адамдарға өзіңіз туралы жеке деректер ұсынбаңыз.

САНАҚТАН ҚАЛАЙ
ӨТУГЕ БОЛАДЫ
2021 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНДА

№1

SANAQ.GOV.KZ
САЙТЫНДА

№2

ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ
КЕЛУІН КҮТУ

№3

НҮСҚАУШЫЛЫҚ
УЧАСКЕГЕ БАРУ

№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕРҮШІН
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті

1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА

23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА



15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА



Онлайн санақ бойынша
алғашқы 5 күнде Алматыда

43 690

адам тіркелген.



Мегаполисте жыл басынан бері
мониторинг топтар

37 972

объектіні тексерді.



ТӘУЕЛСІЗДІК–30



«Тәуелсіздіктің мен үшін маңызы...»

Райхан СЫЗДЫҚОВА,
енбек ардагері:



— Батыр бабаларымыз жоңғар, қалмақтармен соғыста ел үшін, жарқын болашақ үшін жанын берді. Бүгінде кейбір жастардың бейбітшіліктің қадір-қасиетін түсінбей, қымбатшылық болып жатқанын айтып, салы

суға кеткенін көргенде көңілім құлазиды. Бұрындары еліміз егіншілікпен айналысып, сол еңбегінің арқасында таршылық көрмедік. Ал қазір еліміздің кейбір аймақтарында қуаңшылық белең алып, өрт болып жатыр. Сол себепті, қымбатшылыққа түсіністікпен қарауымыз керек. Менің ойымша, әрбір қазақстандық өз елі үшін еңбек етіп, тілі үшін, ұлты үшін қолдан келген көмегін аямауы қажет.

Әсел СҮЛЕЙМЕНОВА,
онколог-гематолог:



Биыл Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл — қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттықтың тұғыры нығая түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, 30 жыл — көзді

ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Мен осы уақыт аралығындағы жетістігім — дәрігер мамандығын таңдағаным деп санаймын. Қазіргі таңда өзім де оқыту қызметімен айналысамын, онкология-гематология мамандығы бойынша резиденттерге және «Назарбаев Университеті Медицина мектебінің» студенттеріне сабақ беремін. Тәуелсіз Қазақстанда алаңсыз еңбек етіп, бейбіт заманда өмір сүріп жатқанымға қуанамын.

Мұхаммедәлі ЕРМЕК,
студент:



— Әлемдегі ең мықты елдердің бірі Қазақстанда дүниеге келдім. Өзімнің отбасым, айналысатын сүйікті ісім бар. Осыдан тура 3 жыл бұрын, еріктілер қатарына қосылып, қала тұрғындарына көмегімді тигізуді

ұйғарғам. Ерікті болу арқылы жанымға жақын адамдарды таптым. Еліміздің барлық жетістіктеріне сүйсінемін. Еліміздің экономикасы Еуропа елдерімен бәсекеге түсе алатын жағдайға жеткенін қалаймын. Осынау мәртебелі міндетке өз тарапымнан үлес қосуға әрқашан дайынмын.

Ақтоқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ.

ҚАЛА КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

МЕГАПОЛИСТІҢ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ КАРТАҒА ТҮСТІ



Әсел
ДАҒЖАН

(Басы 1-бетте)

Реестрде түгендеу нәтижелері бойынша жасыл мәліметтер базасы бар. Мұнда әр объектінің жеке номері бар. Бұл ретте қалада өсіп келе жатқан әрбір ағаш отырғызу, оның ішінде Қызыл кітапқа енгізілген ағаштар ескерілді. Бұл ретте тізімді әзірлеушілер атап өткендей, құжаттағы жасыл кеңістіктердің шамамен 10%-ында паспорттарда сәйкессіздіктер болуы мүмкін. Мұндай кемшіліктер туралы тұрғындар сайтқа да, қосымшаға да жаза алады.

Жалпы алғанда, Алматыда 2 миллион 352 мыңға жуық ағаш бар. Оның ішінде сау жасыл желек — 1 миллион 800 мың, әлсіз — 459 мың, апатты жағдайда тұрғаны — 77 мың ағаш. Сондай-ақ, әр жасыл аймаққа түр құрамы, қазіргі жағдайы және қажетті агротехникалық шаралар анықталды. Картамен жұмыс жасау агротехникалық шараларды өзгертуге мүмкіндік береді. Түгендеу нәти-



желері қала тұрғындарына қолжетімді. Қаланы көгалдандыру мәселелерін шешуге қатысуға мүмкіндік береді. Жүйені көгалдандыру компаниялары, басқарушы компаниялар, аудан әкімдіктері, сондай-ақ қаланы көгалдандыру жұмыстарын жүргізетін

кәсіпорындар да белсенді қолдана алады. Бұл электронды ресурс жасыл желектерді сақтау мен дұрыс күтіп-ұстау бойынша бизнес-процестерді оңтайландырады әрі жасыл қорды басқару тиімділігін едәуір арттырады.

БІЛІМ

ISEN ӘЛЕМГЕ ТАНЫЛДЫ



Динара
МҰРАТ

Қазақстандық бірегей білім беру жүйесі бар жасөспірімдер әлеуметтік желісі шет елдерде үлкен қолдау тапты. «Almaty aqshamy» газетінің 11 наурыз күнгі санында «Оңай! Қолжетімді! Түсінікті!» атты мақаламызда балалар мен жасөспірімдерге арналып жасалған алғашқы ISEN әлеуметтік желісінің мүмкіндіктері жайында жазған болатынбыз. Міне, көп уақыт өтпей-ақ, алматылық өнертапқыштың қосымшасы бүкіл әлемде қолдау тауып, білімге құмар қаншама жастың игілігіне айналды.

ISEN қосымшасын құрастырушылар ұжымына ең бірінші болып Испания королі Филипп VI ресми хат жолдау арқылы игі іс жалғасын таба берсін деген ізгі тілегін білдірсе, АҚШ-тың Қазақстандағы бас консулы Эрик Мейер әлеуметтік желі мүмкіндіктерімен танысып, жобаға сәттілік тіледі. Халықаралық ұйымдар ішінен ЮНЕСКО тек жасөспірімдерге арналған әлеуметтік желіге аса қызығушылық танытып отыр. Жақында Германия канцлері Ангела Меркель балалар мен жасөспірімдердің білім алу жолдарының кез келгенін қолдайтынын жеткізіп, хат жолдаған. Мұның барлығы қазақстандық білім беру жүйесі жаңа технологияларды игере бастағанын, өнертапқыштардың шет елдерде мойындала бастағанын білдіреді.

«Біздің қосымша ISEN (International social of education network) деп аталады, яғни ағылшын тілінен аударғанда, халықаралық әлеуметтік желі дегенді білдіреді. Демек, біз тек қазақстандық жастарға

ғана емес, бүкіл әлемнің балаларына білімді қолжетімді етуге тырысып бағудамыз.

Қазір дамыған көптеген мемлекеттер басшылары: АҚШ, Испания, Германия біздің қосымшамен танысып, біздің қосымшамызды жақсы бағалауда. Біз одан бөлек Ұлыбритания королевасына, Сауд Арабия короліне, Жапония императорына хат жолдап, олардың жауаптарын күтудеміз. Менің ойымша, біздің жолдаған хабарламыз оларға енді жетіп, тиісті мамандар талқысына салынып жатқан болар. Бірақ бізге ағылшындар, немістер мен испандықтар жауап бергенін негізге алсақ, олар да тексеру жұмыстарынан кейін ғана бізді бағалағанын түсінуге болады. Сол арқылы біздің қосымшамыз жер-жерде танылып, қазақстандық қосымшаны шетелдіктер де қолданса дейміз», — деді жоба жетекшісі Нұр Құтты.

Аталмыш жобаның бас директоры Нұр Құтты онлайн білім берудегі кедергілер мен келеңсіздіктерді негізге ала отырып, компьютермен емес, қарапайым ұялы телефон арқылы білім алу мүмкіндігін қарастырды. Яғни балаларға оқылатын курстар ең алдымен қолжетімді, түсінікті, қабылдауға оңай болуы тиіс.

Көпфункционалды әлеуметтік желіде мессенджер, геолокация, мұғалімдерге арналған чат, оқыту жүйесі мен ілеспе аударма сынды көптеген қызмет түрлері бар. Әсіресе, американдық жастар ілеспе аударма функциясын пайдалануда белсенділік танытып, енді тегін білім беру сабақтарын ағылшын тіліне аударылуын күтуде. Жақында Инстаграм бетіне ұқсас, жасөспірімдерге икемделген жаңалықтар лентасы қосылды.

Мұндай алғашқы жобаны шетелдіктер ғана емес, қазақстандықтар да қуана-қуана

қолдауда. Қазіргі уақытта жоба «Қазақ газеттері» мен «Қазақ радиосынан» ақпараттық қолдау тапқан.

Одан бөлек, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығымен», Балалардың құқығын қорғау комитетімен екіжақты қолдау жұмыстары жөнінде меморандумға қол қойылған. Жаңа қосымша ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің тексеруінен де өткен. Яғни министрлік ақпараттық технологиялар саласындағы видео-контентті ISEN қосымша бетінде жариялауға, әлеуметтік желіде жарияланған оқыту курстарын өздерінің ақпарат көздерінде жариялауға келісім алған.

Нұр Құттының айтуынша, қазір өзге де министрліктермен келіссөздер жүргізілуде. Мысалы, Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесе отырып, түрлі табиғи апаттарда өзін-өзі ұстау ережелері жайында қосымша видеолар түсіру жоспарлары бар. Мамандармен тікелей жұмыс істеу арқылы ғана балаларға сапалы контент жасауға болатынын жеткізді. Қазірдің өзінде Балалардың құқығын қорғау комитетінің видеороликтері қосымшада жарияланып, оқуға берілген. Онда буллингтен қорғану, отбасындағы зорлық-зомбылықтан сақтану жолдары, балалардың құқығы сынды тақырыптарда пайдалы видеолар жарияланған.

«Республикалық оқу-әдістемелік қосымша білім беру орталығы» мен Балалардың құқығын қорғау комитетімен бірлесе отырып, жақында әлеуметтік желіде байқау жарияланбақ. Балалар қосымшада түрлі пәндер бойынша құрастырылған тесттерден өтіп, жиналған балдарды осы әлеуметтік желідегі дүкендер мен қызмет көрсету нысандарынан қажетті заттарын сатып алуға жұмсай алады. Жиналған ұпайларды тамақтану мен дүкендерге ғана құртпай, театрлар мен көрмелерге билет алуға, тіпті, қажетті дәрілерді сатып алу үшін пайдалануға болады.

Жан-жақты серіктестік пен қолдау жұмыстары өз жемісін беруде. Сабақтардың тақырып аясы кеңейіп, білім беріп қана қоймай, психологиялық көмек, төтенше жағдайлар мен келеңсіз оқиғалардан сақтану жолдарын, болашақ өмірге икемдеуді үйрететін жаңа форматтағы пайдалы роликтер де жүктеле бастады. Мұның барлығы қазақстандық қосымшаның жетіле түскенін, әлемнің түкпір-түкпіріндегі балалар мен жасөспірімдердің басын бір желіде қосатын ортаға айналғанын көрсетеді.



Бекқали ТОРҒАЕВ,
Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі:

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ



Президентіміз Қ.К.Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауы жүйелі әрі кешенді мақсаттар мен бағыттарды қамтыған. Олардың қатарында экономиканың түрлі салаларын кеңінен цифрландыру, ауыл шаруашылығына инновацияларды енгізу, қалалардың қарқынды дамуын қамтамасыз ету бар.

Әсіресе, өндірістерді автоматтандыру мен мәліметтерді жинақтауды жүйелендіруге назар аударылды. Мемлекеттік органдар мен қызметтердің цифрландырылу деңгейі алдағы уақытта одан ары арттырылатын болады.

Цифрлық жаңа архитектураның жүйесі қалыптастырылады. Осы ретте бір-бірін қайталайтын функциялар азайтылатын болады. Азаматтарға қызмет ұсыну ауқымы мен дәрежесі жетілдіріледі. Отандастарымыз смартфон арқылы барлық қызметтерді ала алатын болады.

Осымен қатар, ақпараттарды жеткізу желілері жаңартылады. Еліміздің ақпараттық және телекоммуникалық потенциалы артатын болады. Мемлекет басшысы атап өткендей, Қазақстан Орталық Азия өңірінің цифрлық хабына айналуы қажет. Бұл үшін кадрларды әзірлеу күшейтілетін болады.

Жолдауда креативті экономиканы қолдаудың қорын құру аталынып өтті. Осы ретте бұл саланы дамытуда Алматының үлесі мол болмақ. Шаһарымызда бұл бағытта арнайы басқарма құрылып, кешенді жоспар әзірленіп, іске асырылып келеді.

Тағы бір маңызды нәрсе, өңірлердің тұрақты және біркелкі дамуына да үлкен мән берілді. Урбанизация процесін ескере отырып, қалалардың өсу орталықтары болатыны аталып өтті.

Жоғарыда атап өткен цифрландыру үрдісін жан-жақты жүзеге асыру үшін білікті мамандарды әзірлеу стратегиялық

маңызды мәселе болып табылады. IT және техникалық салаларда мамандарды әзірлеуге баса назар аударылды. Техникалық бағыт қызметкерлерінің еңбекақысын арттыру да уақыт талабына сай шешім деп білеміз.

Сонымен бірге, Жолдауда әлеуметтік шаралардың үлкен топтамасы қарастырылған. Атап айтсақ, жекеменшік компаниялардың қызметкерлерінің еңбекақыларын арттыру үшін салықтық жеңілдіктер және мемлекеттік қолдау түрлері енгізілетін болады. Бұның арқасында миллиондаған отандастарымыздың табысы арта түседі. Еңбектеніп келе жатқан жалдамалы жұмыскерлердің еңбекақыларын арттыруға арналған бастама да халық тарапынан үлкен қолдау табады деген ойдамын. Бұл еліміздің әрбір отбасына оң әсерін тигізетін болады.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің еңбекақы қорына қатысты ортақ біртұтас төлемдер 39%-дан 25%-ға азайтылатын болады. Төменгі жалақы мөлшері 42 500-ден 60 мың теңгеге дейін артады. Бұл азаматтардың кірісінің ұлғаюына, көлеңкелі экономиканы қысқартуға және ЖІӨ артуына септігін тигізеді.

Мұғалімдермен және дәрігерлермен қатар 2022–2025 жылдар барысында мәдениет, мұрағат, техникалық сала, жүргізушілер, қорықшылардың еңбекақыларының жыл сайын 20% артуы ерекше маңызды. Атап өтерлік жәйт, бұл мәселелер Мәжіліс депутаттарының «Nur Otan» партиясы Фракциясы мүшелерінің Алматы қаласына шілде айында болған іссапары аясында көтерілген болатын. Біз өз тарапымыздан халық көтерген мәселелер мен ұсыныстарды жинақтап, тиісті құзыретті органдарға жолдадық. Жолдау ел азаматтарының әлеуметтік қамтылуын арттырудың және жастарымыздың білімді әрі кемел болашағының негізі болады. Бағдарламалық құжатта аталып өткендей, басты мақсат – азаматтардың өмір сапасын нығайту. Бұл орайда қалалар мен ауылдардың, жалпы барлық өңірлердің дамуына үлкен басымдық берілетін болады.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Жазира ОШАҚБАЕВА,
Философия, саясаттану және дінтану институтының бас ғылыми қызметкері, философия ғылымының кандидаты:

ЕЛ ТАҒДЫРЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Білім күні» мерекесімен қатар келді. Президент өз Жолдауында бүкіл әлемді алаңдатып отырған пандемиямен күрес жолдарын, оның елімізге алып келген зардабы мен өзгерістерін айта келіп, еліміздің әлеуметтік дамуына, ел тұрғындарының табысы мен жұмыс орындарының сақталуына, халқымыздың денсаулығы мен өмірін сақтау жолындағы жұмыстарға басты назар аудару керектігін айтты.

Жолдау еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрыстың алғышарттарын айқындап берді. Бұл бағыттардың жүйелі дамуы – ел тағдыры үшін маңызды. Қазақ халқының әрбір азаматының көкейінде жүрген мәселені шешу жолына арналған жаңа бағдар ел дамуы мен халқымыздың өмірінде біршама жаңашылдықтың болатынын көрсетіп бергендей. Жолдауда Президентіміз қарапайым еңбек адамының, зейнеткерлердің, мемлекеттік қызметкерлер мен білім-ғылым саласындағы еңбек етіп жүрген ғалымдардың, денсаулық сақтау саласы қызметкерлерінің әрқайсының міндетін, қызметіндегі өзгерістер мен жаңалықтарды санамалай, қадап айтты. Әсіресе, денсаулық саласы қызметкерлерінің еңбегінің бағалануы керектігін тапсырды.

Қандай заман, қай қоғам болмасын білім алуды ешқашан шетке ысырып қойған емес. Қазіргі қоғам – білімді жастардың қоғамы. Жас буынға білім беру жолында еңбек етіп жүргендіктен, білім саласында болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтарды тыңғылықты зерделеп шықты. Ел дамуындағы барлық маңызды деген мәселелерді атап айтып, шешу жолдарын ұсына келе, ел Президенті өз

Жолдауында ғылымды дамыту саласына айрықша тоқталып өтті. Ғылымды дамыту саласындағы мәселелердің шешімін табу үшін жылдың соңына дейін заңнамаға өзгерістер енгізу қажет екендігі айтылды. «Ең алдымен, жетекші ғалымдарымызға тұрақты және өз еңбегіне лайықты жалақы төлеу мәселесін шешу керек, мұны ғылымға бөлінетін базалық қаражат есебінен қамтамасыз еткен жөн», – деп атап өтті Мемлекет басшысы.

Сонымен бірге, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында іргелі ғылыммен айналысатын ғылыми-зерттеу институттарын тікелей қаржыландыру тәртібін енгізуді тапсырды. Құзырлы министрлік осындай ғылыми мекемелерді іріктеудің және қаржыландырудың айқын әрі ашық ережесін әзірлеуі керек. Келесі мәселе грант мерзімінің үш жылмен шектелуі іргелі ғылымды дамытуға едәуір кедергі келтіріп отырғаны және осындай қысқа жоспарлау мерзімінде қандай да бір нәтижеге қол жеткізудің өзі қиын екені айтылып, ғылым саласында гранттық қаржыландыру мерзімін бес жылға дейін ұзарту мәселесін қарастырған жөн деп атап өтуі көңілімізден шықты. Ұлттық ғылыми кеңестер шешімдерінің әділдігі туралы мәселе де күн тәртібінен түспей тұрғаны, осыған орай, апелляция институтын енгізу қажеттілігі атап өтілді.

Жолдауда қазақ тілінің мәртебесі де аталып, қазақ тілі шын мәнінде, білім мен ғылымның, мәдениет пен іс жүргізудің тіліне айналғаны тұжырымдалды. Жалпы, мемлекеттік тілді қолдану аясы кеңейіп келеді. Бұл – заңды құбылыс, өмірдің басты үрдісі. «Ата Заң бойынша Қазақстанда бір ғана мемлекеттік тіл бар. Бұл – қазақ тілі», – деді Президент.

Жолдауда қазіргідей жаңарған жаңа заманда еліміздің әрбір азаматы жоғары білім мен табанды еңбектің нәтижесінде ғана биік белестерден көрінетіні ашық жеткізілді. Ел азаматтары Президентіміз аманаттағандай, Отанымыздың алдында адал қызмет етуге, абыройлы іс жасауға, терең білім алып, ерінбей еңбек етуге тиіс.

Болат САДЫҚОВ,
Алматы қаласы мәслихатының депутаты,
«Nur Otan» партиясы фракциясының мүшесі:

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУГЕ МАҢЫЗ БЕРІЛДІ



Пандемия басталғалы бері әлемдегі және Қазақстандағы жағдай оңай емес екендігін бәріміз көріп отырмыз. Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Жолдауда денсаулық сақтау жүйесінің тиімділігін арттыруға үлкен басымдық берді. Осы орайда елімізде коронавирустың алдын алу және емдеу бойынша кешенді шаралар қолға алынатын болады.

Президент атап көрсеткендей, «Қазақстан вакцина жасаған бірнеше елдің қатарында». Бұл біздің медицина және биоинженерия саласындағы

ғалымдардың әлеуетін көрсетті. Индеттің алдын алу үшін екпе салудың маңызы зор. Бұл ретте Алматы қаласында ауқымды шаралар қолға алынып, вакцинациялау кешенді түрде іске асырылууда.

Пандемия аясында экономиканың дамуы тоқтамауы керек. Бүкіл денсаулық сақтау саласы тұрақты екпе салу жүйесіне дайындалуы қажет.

Сонымен қатар, еліміздің биологиялық қауіпсіздігін болжаумен айналысатын ұлттық жүйе құрылатын болады. Бұл тиісті заңмен Парламенттің қазіргі сессиясының соңына дейін қабылдануы керек. Тағы бір маңызды мақсат – зертханалардың халықаралық стандарттарға сәйкес жарактандырылуына Мемлекет басшысы үлкен көңіл бөлді. Пандемия салдарынан ысырылған жоспарлы емдеу мен ота жасау процестерін және скринингті алдағы уақытта тоқтатуға болмайтыны айтылды.

Еліміздің медициналық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін отандық фармацевтиканың дамуына серпін берілетін болады. Дәрі-дәрмек пен медициналық құрылғылардың үлес салмағын 17%-дан 2025 жылы 50%-ға жеткізу бойынша үлкен әрі маңызды мақсат белгіленді.

Сондай-ақ, денсаулықты сақтау және иммунитетті күшейту арнасында бұқаралық және балалар спорты дамытуға көңіл бөлінетін болады.

Жолдау медицина жүйесінің дамуын арттыруды және халық денсаулығын қамтамасыз етуді күшейтерін анық.

Әділ ҚОЙТАНОВ,
ҚР Ұлттық мемлекеттік
кітап палатасының директоры:

ХАЛЫҚ ТАРАПЫНАН ҚОЛДАУ ТАПТЫ



Күні кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдау жасап, бірқатар әлеуметтік-экономикалық мәселелерді көтерді және жауапты басшыларға нақты тапсырмалар берді.

Президент Жолдауы халық тарапынан қолдау тапты. Жалақының шектік мөлшерінің 60 мың теңгеге көтерілетіні, жұртшылықты баспанамен қамтамасыз ету, сапалы білім беру, сапалы медициналық қызмет жөніндегі бастамалары көпшіліктің

ықыласына бөленді.

Халықтың 6,5 миллион өкілі жалақыға жұмыс істейтінін айтқан мемлекет басшысы Үкіметке бизнесті өз жұмысшыларының жалақысын арттыратын шаралар әзірлеуге тапсырма берді. Бұл – аз уақыт ішінде қарапайым жұртшылықтың әлеуметтік ахуалын жақсартуға деген ұмтылыс.

Президенттің әлеуметтік жағдайды түзеу, өсіп бара жатқан инфляция бойынша жұмыс істеу және банктерді мемлекет бюджеті есебінен қаржыландыруды тоқтату сияқты өткір бастамаларын барша қазақстандықтар қолдап, әлеуметтік желілерде тоқтаусыз жазбалар жазуда.

Қасым-Жомарт Кемелұлы Жолдауында Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі туралы мәселелерге кеңінен тоқталып, қазақ тілінің әлеуетін арттырып, салмағын күшейтуге бағытталған бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Ұлттық қауіпсіздік, әскери дайындық және халықтың қауіпсіздігі жөнінде айтқан Мемлекет басшысының нақты бастамалары мен тапсырмалары – күн тәртібінде тұрған мәселелерді шешуге бағытталған нақты шаралар.

Біз Қасым-Жомарт Кемелұлының бастамаларын толық қолдай отырып, тапсырмаларды орындауға білек сыбана кірісеміз!



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«ЖАҢА АЛМАТЫ»:

өзгерістер мен жетістіктер



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасымен «Жаңа Алматы» бағдарламасы қарқынды іске асып жатқаны белгілі.

Басты мақсат — әлеуметтік-экономикалық дамуда орталық немесе шет аудан деген айырмашылықты жою. Тұрғындардың жайлы өмір сүруіне мүмкіндік беруді көздейтін бағдарлама, негізінен, шеткі аймақтарда қарқын алған.

Шаһар көшелерін жөндеу, түнгі Алматыны жарықтандыру, әлеуметтік нысандардың, оның ішінде балабақшалар мен мектептердің құрылысын жүргізу жұмыстары үздіксіз жүріп жатыр. Мәселен, «Жаңа Алматы» жобасы аясында бүгінде 24 ықшамауданда 140 шақырым су құбырын жүргізу жұмыстары жоспарланып отыр. Бұл қала тұрғындарын толықтай сапалы ауызсумен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бағдарлама аясында жолдарды жөндеу мәселесі де шет қалып отырған жоқ. «Жаңа Алматы» бағдарламасы бойынша Алматының сегіз шағынауданында жалпы ұзындығы 108 шақырым болатын 415 көшеге жаңа жолдар салынуда.

Қазіргі таңда қаланы жасыл желекке орап, демалыс пен серуенге қолайлы орындарды көбейтуді көздейтін «Жасыл Алматы» бағдарламасы жұмыс істеп тұр. Екі жыл бұрын қабылданған бағдарлама қала халқының көгалдандыру саласына қатысты көзқарастарын өзгертеді деген үмітіміз бар. Бүгінде бұл бағытта бірнеше өзен арнасы жаңартылып, заманауи саябақтар пайдалануға берілді. Мәселен, кіші Алматы өзені бойындағы жаяу жүргіншілер жолы толық жөндеуден өтті. Аумаққа бес мыңға жуық ағаш отырғызылып, су арнасын нығайту жұмыстары аяқталды. Жоспар бойынша Тұңғыш Президент саябағы мен Сайран көлінің арасын жалғайтын жасыл желекті аллея жасау көзделген. Мамандардың пікірінше, бұл жермен бір уақытта 15 мыңдай адам серуендей алады. Сонымен қатар, қала бойынша үш өзенге абаттандыру жұмыстары жалғасуда. Мұнда да жаяу жүргіншілер жолы төселіп, ағаштар егіледі деп күтілуде. Сала мамандарының айтуынша, әр жоба тұрғындардың қалауы ескеріле отырып әзірленген. Жалпы шаһар бойынша 20 гүлзар мен 2 саябақ жөнделмек. 7 жаяу жүргіншілер жолы жаңартылып, 5 өзен жағалауы абаттандырылмақ. Ел игілігіне берілетін нысандардың жалпы аумағы 284 гектарды құрап отыр.

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Алматыға келіп «Жаңа Алматы» бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстармен танысқан болатын. Онда Президент жалпы қаланың тыныс-тіршілігіне оң баға беріп, шаһар басшысына тұрғындар үшін қолайлы заманауи алаңқайлар салуға көңіл бөлуді тапсырған-ды. Әлбетте, бұл пікірдің қала билігі үшін де, жалпы, халық үшін маңызы зор. Себебі, мұндай баға қаланың бүгінгі өмір сүру деңгейін көрсетеді және жүргізіліп жатқан жұмыстардың барысын айғақтайды. Алматы тең мүмкіндіктер қаласы болуға лайық мегаполис.


Қалаға кейіннен қосылған аймақтарда жол, ауызсу мәселесі «үрлей салып, көзін қайсы?» дейтіндей, оңай атқарыла қоятын, жылдам біте салатын жұмыс емес. Мәселен, тактайдай түзу жол салу үшін алдымен тұрғындарға қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз етілуі керек. Орталықтандырылған ауызсу, кәріз желісі секілді маңызы зор құбыр желілерін қосу әжептәуір уақытты талап етеді. Кезең-кезеңмен жүргізіледі. Шеткі аймақтағы қала тұрғындары қандай абаттандыру жұмыстары болмасын, барлық шаруаларға түсіністікпен, сабырмен қарағаны жөн. «Кеңесіп пішкен тон келте болмас» деген. Егер екі тарап — халық пен билік бір-бірімен тығыз байланыста жұмыс атқаратын болса, бұл тәсіл алдағы уақытта алматылықтарды жанға жайлы ортада өмір сүруге мүмкіндік берері сөзсіз.



«Жаңа Алматы» жобасы аясында 24 ықшамауданда 140 шақырым су құбырын жүргізу жұмыстары жоспарланған.



Алматының сегіз шағынауданында жалпы ұзындығы 108 шақырым болатын 415 көшеге жаңа жолдар салынуда.





СІЗ ЕКПЕ АЛДЫҢЫЗ БА?

«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ!»

Вероника СТЕПАНИЮГА, «Qazaqstan Rugby» командасының ойыншысы:



– Ел аймағындағы эпидемиологиялық ахуал күннен-күнге нашарлауда. Сондықтан да карантин талаптарын сақтап, бетперде тағып, арақашықтық сақтап жүру қажет. Коронавирус індетінен қорғанудың бірден-бір жолы – жаппай вакцина салдыру екендігін есте сақтаған жөн. Ел азаматтарының басым көпшілігі екпе алған жағдайда ғана қоғамда ұжымдық иммунитет қалыптасады. Өзіңіздің және жақындарыңыздың денсаулығын сақтау мақсатында вакцина салдырыңыз.

Жанат СӘУЛЕБЕКОВА,
қала тұрғыны:

– Әлем халқын дүрліктірген коронавирус қазіргі таңда әлемдік деңгейдегі ең өзекті мәселеге айналып отыр. Вирусты жұқтырған адам саны күннен-күнге артып отыр. Ал коронавирус инфекциясының таралуын тоқтатудың жалғыз жолы ол – жаппай вакцина салу. Әр адам бұған үлкен жауапкершілікпен қарауы керек деп есептеймін. Қалыпты өмірімізге оралу үшін екпе салдыруымыз қажет. Сондықтан сіздерді вакцина алуға шақырамын.

Әзірлеген
Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ.

COVID-19: ЖАҒАЛЫҚТАР

КВИ-ге қарсы дәрі

Бельгия елінде Лама ағзасындағы антиденелерге негізделі жасалған коронавируска қарсы дәрі клиникалық сынақтан өткізіле бастады. Бұған дейін аталған препарат тышқандар мен атжалмандарға тексерілген екен. Ғалымдардың сөзіне сүйенсек, Лама вирус жұқтырған кезде оның ағзасында екі түрлі антидене пайда болады. Соның бірі тез арада иммунитет қалыптастыруға көмектеседі екен. Мұны зерттеу нәтижесі де дәлелдеген. Десе де, оның әсері көпке созылмайтын көрінеді. Сондықтан бұл дәрі вакцинаны түбегейлі алмастыра алмайды дейді мамандар.

Ерекше құрылғы

Таиландта зерттеушілер коронавируска қарсы вакцина дозасын көбейтетін құрылғы ойлап тапты. Құрылғы құтыдағы препаратты ысырап қылмайды. Соның арқасында екпе санын 20 пайызға арттыруға мүмкіндік туған. Десе де, әлгі аппарат әзірге тек біреу әрі тек AstraZeneca вакцинасымен ғана жұмыс істейді. Сондықтан мамандар көп ұзамай Pfizer мен Moderna препараттарына арналған техниканы да жасап шығармақ. Бірақ ол үшін мемлекет тарапынан қолдау керек екен.

Ғажап қондырғы

Өзбекстандық өнертапқыш коронавирусты жойып жіберетін қондырғы ойлап тапты. Аталған құрылғы COVID-19-дың кез келген штамын бірнеше секундта өлтіре алады. Оны жасап шығаруға 1,5 жыл уақыт кеткен.

Қондырғы қауіпті вирус тараған бір емес, бірнеше жерде сыналған. Тіпті, коронавирус жұқтырып, ауруханада ем қабылдап жатқан науқастардың палаталарына да қойылған. Нәтижесінде адамдардың 3 күннің ішінде сауығып кетуіне септігін тигізді дейді дәрігерлер. Пайдасына сенген өзбектер қондырғыны көптеген зертхана мен мекемеге орнатқан. Бірақ тың аппарат әлі халықаралық дәрежеде сыналды, дәлелденбеген.

Әзірлеген
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

COVID-19 БАЛАНЫ ДА
АЯМАЙДЫНұржамал
ӘЛШЕВА

Мутацияға ұшыраған COVID-19 балаларды да аямай тұр. Былтыр Алматыда дерттің ауыр түрімен ауруханаға жатқызылған балалардың саны 10–15%-дан аспаған болса, биыл жаңа штамм инфекцияның ағымына және белгілеріне өзгерістер енгізді. Бұл туралы Алматы қалалық клиникалық балалар инфекциялық ауруханасының бас дәрігері Ержан Сералин айтты.

Оның айтуынша, балалар коронавирустың жиі ауырады, бірақ оларда ауруға ересектердегідей иммунитет жауап жоқ. Сондықтан аурудың ағымы оларда жеңіл өтеді. «Бұл балалар бей-жай жүре берсін дегенді білдірмейді. Өйткені, балалардың әлсіреген иммунитетпен дертті

жұқтыруы, созылмалы аурулары болса, онда коронавирустың қауіпті болуы мүмкін екенін ұмытпаған жөн», – дейді бас дәрігер.

Оның үстіне, балалар коронавирусты тасымалдаушылары болып табылады. Сондықтан ересектер неғұрлым жауапты болуы керек, вакцина алған болса да қоғамдық орындарда бетперде тағып, әлеуметтік арақашықтықты ескерген дұрыс дейді мамандар.

Е.Сералин бұл індетке 1 жасқа дейінгі бүлдіршіндердің де бейім екенін атап өтті. «Клиникалық көріністеріне келетін болсақ, былтыр қатаралды белгілер басым болса, биыл қатаралды синдроммен қатар асқазан-ішек жолдарының бұзылу жиілігі, сондай-ақ летаргия, аппетит пен температураның төмендеуі сияқты жалпы интоксикация белгілері байқалады. Біздің ауруханаға орташа ауырлықтағы өрендер жиі түседі.

#ЕКПЕАЛ

Әкім екпе алуға шақырды

Айнұр
СЕНБАЕВА

Бүгінде Алматының Түркісіб ауданында 101 мыңнан астам адам екпе алды. Бірақ бұл көрсеткіш ұжымдық иммунитетті қалыптастыру үшін жеткіліксіз болып отыр.

Түркісіб ауданының әкімі Б.Ақжаров қалада коронавирустық инфекцияның өршуіне орай қатардағы ауруханалардың COVID-19 жұқтырған науқастарға көмек көрсету үшін қайта бейімделгенін еске салды.

«Ауданның емханаларына 247 мың адам бекітілген, 148 603 адам вакциналауға жатады, оның ішінде бүгінде 101 206 тұрғын вакциналанған.

Ауданда вакциналар қоры жеткілікті, 23 егу пункті орналастырылды, оған 34 бригада мен 163 медицина қызметкері жұмылдырылған. Біздің дәрігерлер вакциналануды барынша қолжетімді және ыңғайлы ету үшін қолдан келгенше еңбектенуде. Әлі вакцина алмаған тұрғындарды екпе салдыруға шақырамын», – деді Б.Ақжаров.

Аудан әкімі Алматы тұрғындарының жауапкершілігі мен ұйымшылдығы жоғары болған сайын, адамдардың денсаулығы мен өмірін сақтайтынын айтты.

Қазіргі таңда ауданда кәсіпорындардағы, ұйымдардағы, құрылыс алаңдары мен шағынаудандардағы екпе пункттерінде тұрғындарды вакциналау жалғасуда.

МОНИТОРИНГ

ТЕКСЕРУ ЖАЛҒАСУДА

Айнұр
НҮРСАБЕТ

Алматыда мониторингтік топтар биылғы жылдың 1 қаңтарынан 4 қыркүйек аралығында қалада белгіленген карантиндік шектеулерді бұзған 3626 нысанды анықтады. Санитарлық дәрігерлер істері сотқа қаралатын жиі тәртіп бұзатындардың тізімін жариялады.

Ведомствоның хабарлауынша, жыл басынан бері мониторингтік топтар 37 972 нысанды тексерді. Негізінен, карантин ережелерін көбінесе көңіл көтеретін орындар елемейді.

Биыл карантинді бұзушыларға қатысты 5706 хаттама жасалды, оның ішінде 597 заңды тұлғаға 209 млн. теңгеден асатын айыппұл салынды, жеке тұлғаларға қатысты бетперде режимін бұзғаны үшін шамамен 225 млн. теңге айыппұл салы-

нып, 5109 хаттама толтырылды. 425-баптың 3-бөлімінің 1-тармағы бойынша 65 нысанның жұмысын тоқтату туралы шешім қабылданды.

Алматының әкімшілік соттарына 462 бап бойынша 76 материал жіберілді. Карантинді жиі бұзатындардың тізімінде: «Alimus» бильярд клубы, «Алем» караоке клубы, «Port Billiard Hall» бильярд клубы, «Лабиринт» кафесі, «Лала» дүкені, «Kuanys Grand Hall» банкет залы, «Late night шоу» бары, «Бәйтерек» мейрамханасы бар.

Қазіргі кезде мекемелерді тексеру әлі де жалғасуда. Мысалы, 1-3 қыркүйек аралығында Алматыда 20 карантиндік бұзушылық анықталды. Сонымен, 1 қыркүйекте Алматы ауданында шамамен сағат 23.47 шамасында бақылау тобының өкілдері «Найдстар» кафесінде тәртіп бұзушылықты тіркеді. Мұнда 30-ға жуық келуші болды.

«ASHYQ» ЖОБАСЫ

Ақтолық
ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

«Ashyq» жобасы көшбасшыларының тізіміне енген «Crudo» мейрамханасы – бүгінде санитарлық-эпидемиологиялық шараларды қатаң сақтап, ұжым болып екпе алған ұйым. Мекеме басқарушысы Михаил Мазанкин қыркүйек айындағы карантиндік бәсеңдетулерді асыға күтуде. «Елімізде «Ashyq» қосымшасы іске қосыла салысымен біз бірден өтініш беріп, оның қатысушысы атандық.

Қазіргі таңда бұл қоғамдық орындарға баруды қауіпсіз ететін қосымша болып табылады. Қуаныштымызға орай, біздің мекемеге «қызыл» немесе «сары» мәртебелі келушілер келмеді», – деді М.Мазанкин. «Crudo» мейрамханасы иесінің айтуынша, қызметкер-

Дерті асқынған балалар да болады. Әрине, дерттің ауырлығы мен барысы баланың бастапқы жағдайына, анамнезде бұрыннан бар аурулардың қатар жүруіне де байланысты екенін атап өткен жөн», – деді бас дәрігер.

Маманның айтуынша, балалар індетті отбасындағы ересектермен байланыс кезінде жұқтырады. Балалардағы коронавирустың асқинуы пневмонияның өршуінен байқалады, жиі емес, бірақ қауіпті постковидты қабыну синдромы көптеген орган мен жүйелерді зақымдайтын көрінеді. «Біздің клиникада жұқпалы аурулардың жетекші мамандары мен реаниматологтер, мамандандырылған невропатологтер, кардиологтер, пульмонологтер, эндокринологтер, нефрологтер, хирургтер тәулік бойы байланыста болатын мультидисциплинарлы топ құрылды. Әрбір күрделі клиникалық жағдай талқылауға шығарылады. Қажет болған жағдайда созылмалы ауруларға қарсы терапиялық коррекция жүргізіледі. Біз әр балаға өте мұқият қараймыз, барлық қажетті сараптамалар мен қосымша тексерулерді үлкен жауапкершілікпен жүргіземіз», – дейді Е.Сералин.

Дәрігер адам көп жиналатын жерлерде, қоғамдық көлікте, кафелер мен сауда орталықтарында инфекция қауіпі әлі де жоғары екенін еске салды. Сондықтан бұрынғыдай алдын алу іс-шараларын сақтап жүру керек және балаларға осыны үйретіп отыру қажет дейді. «Жақында күн суытқанда коронавирустан басқа мұқымдық ЖРВИ және тұмау аурулары белең алатын болады. Олардың коронавирустан айырмашылығы, бұл инфекциялар балаларды аямайды және оларда ересектерге қарағанда сырқат түрі ауыр болуы мүмкін. Сондықтан бүгінде балалардың қоғамдық орындарға баруын шектеуге тырысу керек. Олар да қоғамдық көлікте әлеуметтік арақашықтықты сақтауды және медициналық бетпердені дұрыс тағуды білгені жөн», – дейді дәрігер.



Бір ескеретін жағдай, Алматыдағы эпидемиологиялық жағдай әлі тұрақтала қойған жоқ. Тәулік сайын қалада КВИ инфекциясының шамамен 1000-1200 жағдайы анықталауда. Сондықтан мегаполистің тұрғындары мен қонақтары, сондай-ақ кәсіпкерлік нысандары санитарлық нормалар мен карантин талаптарын қатаң сақтап, адамдар көп жиналатын жерлерден аулақ болғандары жөн. Шектеу шараларына жауапсыз қарау және елеулі дерттің ушығуына әкелуі мүмкін.



ТЕГІН КӨМЕКТИҢ ҚҰНЫ ҚАНША?



Осының бәрі – ел қамы...



Серік
АНАРБАЙҰЛЫ

«Almaty aqshamy» газетінде «Тегін көмектің құны қанша?» айдары ашылды. Қарап тұрсаңыз, жалпы кез келген Үкімет көмегінің артында қыруар қаражат жатыр. Біз осы бөлінген қаражаттарды талдап, сара-лап, оқырмандарымызға жеткізіп отыруды ұйғардық. Бұл жобаның басты мақсаты – осы.

Бізде халыққа жаппай тегін вакцина салынды, жыл сайын «Мектепке жол» акциясы арқылы көп-балалы отбасылардың, әлеуметтік аз қамтылған-дардың балаларына тегін киім, мектепке қажетті құ-рал-жабдықтар таратылып жатады. Оған қоса, мегаполис әкімдігі қалаға қажетті мамандықтарға орай сту-денттерге гранттар бөліп отырады. Біз бүгін «Тегін вакцинаға қанша қаражат бөлінді?» деген тақырып-ты көтергенді жөн сана-дық. Шынында да, тегін вакцинаның шығыны ора-сан зор. Оның бағасы, дәрі-герлердің еңбегі, жалақы-сы, тіпті базарлар, МЕГА секілді ірі сауда орында-рын жалдау құны, т.б. есе-пейтін болсақ, қыруар қа-ражат бөлінгенін аңғару киын емес. Мұның бәрін көпшілік біле бермеуі мүмкін, бірақ бұған мемле-кет тарапынан миллионда-ған, тіпті миллиардтаған қаржы бөлінеді.

Мәселен, Үкімет шет елден қаншама вакцина алып жатыр. Ресейден, Қы-тайдан, оған қоса, АҚШ-тың «Pfizer» вакцинасы да жеткізілді. Оның бәрі бізге тегін келмейді. Оған аз ақша бөлініп отырған жок. Осының бәрі ел қамы... Негізі, COVID-19-ға қарсы салынатын вакцина барлық қазақстандыққа тегін болды. Бұл үшін мем-лекет тарапынан коронави, т.б.), республика-русқа қарсы 565 млрд. тең-ге бөлінді. Оның 108 млрд. теңгесі тегін вакци-наға жұмсалған.

Бұл ретте айта кетейік, өткен көктемде Үкімет ко-ронавирускқа қарсы бөлін-ген қаржының есебін екі рет өзгертті. Наурызда қа-былданған қаулыға байла-нысты қаржы көлемі 228,3 млрд. теңгеден 313,3 млрд. сомаға дейін артқан. Үсті-не қосылғаны – 85 млрд. теңге. Бастапқыда Үкімет резервінен 50,2 млрд. теңге қарастырылса, кейін бұл 100,4 млрд.-қа ұлғайды. Наурызда бекітілген жос-

пар бойынша, биылға 9,9 млн. адамға 49,6 млрд. тең-геге вакцина, 600 млн. тең-геге шприц сатып алынбақ болған. Бұл қаржының 18 млрд. теңгесіне 2 млрд. 60 млн. адамға «Спутник V» және 31,6 млрд. теңгеге 15 млн. 680 мың адамға «QazCovid-in» екпесін алу жоспарланған еді.

Резервтен қайта ажы-ратылған 95,3 млрд. теңге қаржыға төрт вакцина өндірушісінен («Спутник V», «QazVac», QazCovid-in», «Sinopharm») 10 млн. 890 мың адамға арнап екпе алынады. Алайда, бұл қа-тарға қазан айында 2 млн. дозасы жеткізілген Pfizer вакцинасы енген.

Республикалық бюд-жеттен бөлінетін қаржыға 21,5 млрд. теңге қосылған, яғни 160,7-ден 182,2 млрд. теңгеге дейін көбейген. Негізгі өзгеріс – карантин шараларын іске асыруға және коронавируспен кү-ресетін медқызметкер-лердің үстемәкысын төлеу-ге қарастырылған 68,1 млрд. теңге 89,6 млрд. тең-геге артқан.

Министрлік мәліметін-ше, былтыр осы бағыттар-ға жиынтық есебі 252 млрд. 2 млн. теңге жұмсал-ған. Атап айтқанда, Үкімет резервінен 28 млрд. 9 млн. теңге (ЖҚҚ, дәрілік заттар, медбұйымдар, зертхана-лық құралдар, тест сына-малары, т.б.), республика-лық бюджеттен 197 млрд. 800 млн. (медқызметкер-лердің үстемәкысына 115 млрд. 800 млн., медқызмет-терге 67 млрд., шұғыл бой көтерген 3 модульді ауру-хананың құрылысына 14 млрд. 800 млн, СЭБК (ел аузында СЭС аталып кет-кен) мамандарының исса-пар шығындарына 200 млн.), бюджеттен тыс 5 млрд. 100 млн. (240 дана ӘЖЖ мен 87 виброакусти-ка аппаратын алуға), МӨМС-тен 20 млрд. 400 млн. (медициналық қыз-меттердің төлеміне) теңге бөлінген.

ОЙТУРТКИ

ТОҚЫРАУҒА ТӨТЕП БЕРГЕН

аналарды ардақтау керек



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Тоқырау жылдары дегенді та-рихтың бір қиын кезеңі ретінде еске аламыз да, жылы жауып қоя-тын болдық. Кеңес Одағы ыдыра-ғаннан кейін елдің тұрмысын ауыр-латып, санасына өзгеріс әкелген осы уақытқа қатысты біз назар аудармай келе жатқан түйткіл көп. Бұл қиын жылдары мыңдаған әйел табыс тауып, бала-шағаны асырауды, сөйтіп, қиын кезеңнен шығуды өзінің абыройлы міндеті санады. Экономикалық-әлеуметтік ауыртпалық қоғам өмірінің түрлі саласында әйелдерді қажырлы, тіпті азапты еңбек етуге мәж-бүрледі. Тоқырау жылдарының бар кесепаты кәсіптен нәсіп табам деген қыз-келіншектердің басына түсті. Ала қаппен ауыр-ауыр жүк арқалап, белі талған да, базардан нәпақа табам деп аязға тоңған да, рәкетпен



арналысқан да – солар. Жағдайымыз тәуірленген қазіргі мезгілде біз осы «тоқырау әйелдерінің» ерлігін ұмытпай, олардың сол кездегі қажыр-қайратын тиісінше бағалауымыз қажет сияқты.

Тұрақтануға үлкен септігін тигізді

Бұл жылдары елімізде өте қиын жағдай қалыптасты. Зауыт-фабрика-лар жабылып, елді жаппай жұмыссыз-дық жайлап, мемлекеттік салада қыз-мет істейтіндердің айлығы, қариялардың зейнетақысы кешіктіріліп берілді.

Жұмыс тапшы, ақша жоқ, «екі қол-ға бір күрек» таба алмаған кейбір зінгіттей жігіттер ақыры ұйымдасқан қылмыстық топ құрып, рәкеттікпен айналысып, елді тәртіпсіздік жайлады.

Ал жұмысынан босап қалған ер-аза-маттардың дені шарасыздықтан мас-күнәмдікке салынып, көптеген шаны-рақтың ырысы мен берекесі ыдырап, қоғам әлеуметтік қопарылыстардың сал-ақ алдында тұрды. Осындай қиын-қыстау кезде ардақты аналарымыз қаншама ауыр жағдайларды бастан өткерсе де, бәріне төзімділік танытып, мемлекеттен көмек сұрамай-ақ тығы-рықтан шығудың жолын тауып кетті. Жендерін қайырып алып, ала қап арқа-

лаған аналарымыз Қытай, Қырғыз-стан, Түркия, тіпті бүкіл шет ел асып, тауар тасымалдап, сауда-саттықпен айналысты.

Осылайша олар ең бірінші өздерін жұмыспен қамтып, бала-шағасын асы-рау арқылы ел экономикасын дағда-рыстан аман алып қалды. Шынында да, аналардың ала қабы 90-жылдары мемлекетте тауар тапшылығын жо-йып, елдің тұрақтануына үлкен септігін тигізді.

Сауда жасау оңай емес

Ресми емес деректерге сүйенетін болсақ, 90-жыл-дары елімізде 2 миллионнан астам қыз-келіншек шет елден тауар әкеліп, сауда-саттықпен айналысқан екен. Қалааралық, халықаралық автобустармен жолға шы-ғамын деп, олардың қаншасы жол-көлік оқиғаларынан қайтыс болғанын тиісті органдар нақты айтып бере алмасы анық. Бірақ бір белгілісі, қазіргі дәрігерлердің айтуынша, кезінде алыпсатарлықпен айналысқан әйелдер Ауғанстан мен Шешенстанда болған соғысты көргендей стрестік жағдайды басынан өткерген екен. Шет елге шығу, кеденнен өту, бөтен мемлекетте ала қап арқалап, жаяу-жалпы тауар сатып алу, зіл батпан-дай жүкті қайтадан шекарадан өткізу, полицияға, рэ-кеттерге қалтасынан қағылып, ең ақыр аяғы ұры-қар-ыға тоналмай, тауарды сатудың өзі – біле білген адамға үлкен азап. Оның үстіне, 35–40 градусық қа-қаған аязда бір орында тұрып сауда жасау, шілденің шіліңгір ыстығында ұзақ жолға шығу оңай емес. Мұ-ның бәрі адам жүйкесіне кері әсер ететіні сөзсіз.

Тарих айтылуға тиіс

Өкініштісі сол, кезінде елдің дамуына бірден-бір ық-пал еткен сауда саласына қазіргі қоғамның көзқарасы дү-рыс емес. Бүгінде бізде саудамен айналысатындарды көпшілік оң бағаламайды. Ел арасында «саудагерлер ал-дап-арбап кетеді» деген секілді жағымсыз пікір қалыптас-қан. Қалай десек те, бүгінгі жастар ала қап арқалаған аналарымыздың жасаған ерлігін, жанқиярлық әрекетін ұмытпауға тиіс.

Ала қап арқалаған аналардың қайсарлық әрекеті, бұл – мыңдаған отбасының басынан өткен ұмытылмас тарих. Сондықтан мұндай аналарды ардақтау керектігін барша халық қолдайды деп сенеміз. Дегенмен өкініштісі, қазір осыны көп жастар біле бермейді. Ендеше, 90-жылда-ры елдің бастан кешкен қиын оқиғалары төңірегінде неге кино түсіріп, жазушыларымыз кітап жазып, театрларда түрлі қойылымдар қоймасқа? Бұл біздің тарихымыз емес пе? Ал тарихын ұмытқан халық мәңгүрт болып есепте-леді. Бұл жақсы емес. Сондықтан тарихымыз ашылмай, болашағымыз жарқын болмайтынын ұмытпауымыз керек.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Амантай НҰРЛАНҰЛЫ,
қала тұрғыны:

Аналардың арқасында аман қалдық

Жасыратыны жоқ, 90-жылдары елімізде жарық жоқ, су жоқ, азық-түлік, киім-кешектердің барлығы та-лон бойынша берілді. Елімізде пара-қорлық жайлап, халықтың болашаққа деген сенімі азайып, әлеуметтік жағ-дай қорқынышты деңгейде болды. Дегенмен, Қазақ елі – төзімді халық. Аналарымыз ала қапты қолмен арқа-лап, шет ел асып, тауар тасыды. Осы-лайша күйеулерін, бала-шағасын жұ-мыспен қамтып, қандай қиын жағдай болса да, күн көруге, өмір сүруге бейімдеді. Біз ауыр жағдайда өмір сүріп, аналардың арқасында аман қал-дық. Біз ғана емес, жалпы Қазақ елі, мемлекетіміз де ала қап арқалаған аналардың төзімділігі мен табандылы-ғынан дағдарыстан аман өтті. Олар Үкіметке салық төлеу арқылы мемле-кет бюджетін қампайтты.

Бақытжан ЖЕКСЕНҰЛЫ,
зангер:

Оларға ескерткіш орнату керек

Менің ойымша, сырттан жүк тасы-ған, алыпсатарлықпен айналысқан әйелдерге ескерткіш орнатуымыз ке-рек. 90-жылдары үстіне «Адида» киіп алып, ала сөмкесін арқалап жүріп Қа-зақстанды дағдарыстан құтқарған – осы әйелдер. Керек десеніз, мұндай ескерткіш Ресейде бар. Бірақ онда ер адам бейнеленген. Қолында – ауыр сөмкесі, иығында – үлкен қорап, белін-де ақша салатын белбеуі бар ескерткіш орнатылған. Ендеше, неге бізге де осындай ескерткіш орнатпасақ?

Сонымен қатар, олардың зейнет-ақысын, мүгедектік жәрдемақысын кө-бейтуіміз керек. Ойткені, кезінде саудамен айналысып, қазір мүгедек болып қалған әйелдер өте көп. Ең болмаса дәрі алып, коммуналдық төлемдерін төлеп, өздеріне жететіндей мүгедектік жәрдемақысын тиісті деңгейде берсек, бұл әлдеқайда сауапты іс болар еді.

Ұлбосын ҚҰДАБАЕВА,
II топтағы мүгедек:

Бұрын тәртіп болған жоқ

Мен Қазақ соқырлар қоғамы Түркістан қалалық филиалының кәсі-порнында 27 жыл жұмыс істедім. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары жұмысымыз тоқтап, содан күнкөріс қамы үшін саудамен айналыстым. Қыр-ғызстаннан тауар әкеліп, оны Байқо-ңырда саттық. Осылайша ала қап арқа-лап жүріп, үш студент оқыттым. Бішкектен алған тауарларымызды сол жақтың таксистері кеденнен өткізіп беретін. Сол үшін қосымша ақы тө-лейтінбіз. Оның үстіне бұрын рәкеттер, ұры-қарылар көп болатын. Рәкеттер әйел адамға тимейді, бірақ еркектерді «сметчикке» отырғызып қоятын. Қыр-ғызстанға әр келген сайын жігіттер олардың «ставкасын» беріп тұратын еді. Дегенмен, Бішкекте сығандар өте көп болды. Байқап жүрмесен, олар қал-тандағы барлық ақшаны, тіпті тауарла-рына дейін қағып кететін. Қазір енді-енді реттелмесе, біздің кезде тәртіп болған жоқ.



Перизат ОМАРБЕКОВА, Қазақстанның мәдениет қайраткері:



Қазақ биі

ҚАЗАҚЫЛЫҒЫМЕН ҒАНА ЕРЕКШЕ

– Әуелі ұлттық би өнерінің қазіргі даму деңгейі жайында айта кетсеңіз.

– Қазақ биі қазақылығымен ғана ерекше! Заман ағымына байланысты түрлі өзгеріске түсірсек, ол негізден ауытқу болып саналады. Заманауи би үлгілеріне көз жүгіртсеңіз, қимылдары өте жеңіл және онда ешқандай мән-мағына жоқ. Бұрынғы би қоюшылар әр биге үлкен жауапкершілікпен қараған. Қазір бишілеріміздің әр биде костюм ауыстырып келіп, сол жаттанды қимылдар жиынтығын көрсете салуы жаман әдетке айналып бара жатыр. Кенжелеп дамыған өнерімізді жетілдіріп, насихаттаумен әлі де айналысуымыз керек деп ойлаймын. Ұлттық биімізді ана тіліміздей қадірлеп, оны ешбір ұлттың биіне ұқсатпай билеуіміз керек деп ойлаймын.

– Бұл өнерге қалай келдіңіз? Кім себепкер болды?

– Өнер – атаның қанымен, ананың ақ сүтімен берілетін ұлы қасиет. Өнер – династия. Менің ата-анам – өнер адамдары. Өнерде жүруіме көбінде анам себепкер болды деп ойлаймын. Анам Несіпкүл Омарбекова – белгілі драма және кино актрисасы. Негізі, үйдегілер мені көбіне «драма актрисасы» болуға икемдеді. Бірақ би өнеріне деген сүйіспеншілігім жеңіп кетті деп ойлаймын. 5 жасымнан бері сахнадамын, үлкен сахнаға 12 жасымда шықтым. Биден бүгінге дейін де қол үзген емеспін. Адам өз ісіне өмірінің соңына дейін адал болса ғана жетістіктерге қол жеткізетініне сенемін. 12 жасымда өзім туып-өскен Тараз қаласындағы ҚР еңбек сіңірген әртісі, биші-балетмейстер Байдаулет Сазабековтың жетекшілігімен ашылған «Айша-Бибі» халықтық би ансамблінің тұңғыш солисі болдым.

– Өзіңіздің білім алған ордаңыз, жетекшілік еткен би ұжымыңыз туралы не айтар едіңіз?

– Қазақ ұлттық Қыздар педагогикалық университетінің хореография факультетін үздік дипломмен бітіріп, апайларым бірден сол жерде студенттерге сабақ беруге алып қалды. Ұстаздықпен 22 жасымнан айналыстым. Кейін үлкен өнер ошағына солист-биші ретінде шақырту түсіп, ұстаздықтан біраз қол үзіп қалдым. Үнемі би мектебін ашуды армандадым. Осыдан 10 жыл бұрын өзімнің жеке «OMARBEOVADANCE» деп аталатын би мектебімді ашқан бола-

Би – әр халықтың тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, тіпті салт-санасын бейнелейтін өнер түрі. «Асатаяқ», «Қоштасу», «Аю биі», «Аққу», сондай-ақ Шара апамыздың «Айжан-қыз» секілді би қойылымдары көптің көңілінен, тіпті сахна төрінен де кете қоймады. «Заманына қарай – амалы» демекші, қазір қазақ билерінің заманауиланған түрлері дамып келеді. Домбыраның электрондық даусымен, хип-хоп стилінде қалыптасқан қойылымдар бірінің көңілінен шықса, енді бірінің ызасын келтіріп жатқаны жасырын емес. Кішкентай кезімізден «Қамажай» билеп, өсе келе «Аққу»-ды үйренген біз мектеп қабырғасында әр таң сайын «Қара жорға»-мен бойымызды шынықтыратын едік.

Ал бүгінде бүлдіршіндеріміз, жастарымыз қазақи билерді билеп жүр ме? Би өнерінің дамуы қандай деңгейде деген сауалдарға жауап іздеп, Қазақстанның мәдениет қайраткері, «Шапағат» сыйлығының лауреаты, балетмейстер Перизат ОМАРБЕКОВАМЕН сұхбаттасқан едік.

тынмын. Ол жерде 100-ге жуық шәкірт тәрбиеледім. Бүлдіршіндермен бар ынталды беріп жұмыс жасадым. «Ұстаз болған жалықпас, үйретуден балаға» дегендей, расында балаға бар білгенінді үйрету баға жетпес бақыт қой... Шәкірттерім бір жылда 10 байқаудың бас жүлдесін иемденген кездері де болды. Мен олармен мақтанамын! Би өнерін меңгерген бала ерекше болып өседі. Өйткені, би баланы жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке, темірдей тәртіпке, бәсекеге қабілетті етіп, этика мен эстетикаға, сұлулыққа тәрбиелейді.

– Қазіргі таңдағы жұмыс орныңыз – «Алатау» дәстүрлі өнер театры жайында айтатын әңгімеңіз көп шығар. Қызығы мен шыжығы мол театр өнерінің ерекшелігі неде?

– «Алатау» дәстүрлі өнер театрына келгенім кездейсоқтық болған жоқ. Алатау баурайынан жаңадан орын тепкен керемет ғимаратты көргенде қызыға қарайтынмын. Дәстүрлі өнерді дәріптейтін театр болғандықтан, би өнерінің ерекшеліктерін ашып көрсетіп, ұлттық биді дамытатын жер екен деп ойлайтынмын. Сол қызығушылықпен жұмысқа тұруға келгенімде театр маған есігін айқара ашты. Бірден жан-жақты қолдау көрсетті. Жаңа ашылып жатқан жас театр болса да, артқан жүгі өте ауыр деп түсінемін. Өйткені, ұлттық өнердің қаймағын бұзбай орындайтын өнерпаздардың басын біріктіріп, соған сай қойылым жасау керек. Әр өнердің түпнұсқасы сол өнердің классикасы болып саналады ғой.

– Болашақ бишілерге, артыңыздан еріп келе жатқан жастарға айтар тілегіңіз...

– Болашағымыз жарқын, кемел, бақытты болуы үшін тынбай еңбектенуіміз керек. Тек еңбек ғана адамды жарқын болашаққа жетелейді. Шығармашыл адамдардың жаттанды дүниенен емес, шығармашылықпен айналысуын қалаймын. Біреуді қайталау шығарма болып есептелмейді. Ұлттық биіміздің классикасын дамытумен көбірек айналысуымыз қажет. Би өнері талмай тер төгетін мамандық болғандықтан, мен барлығына қажымас қайрат пен табандылық танытып, еліміздің би өнерін жан-жақты дамытып, биік белестерді бағындырғанын қалаймын.

Сұхбаттасқан
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Театрда кездескенше!



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры бүгін сағат 18.30-да Фархад Молдағалидың режиссерлігімен сахналанған «Махаббат, қызық мол жылдар» қойылымымен 76 жаңа маусымды ашпақ.

Сондай-ақ 8, 9, 10 қыркүйек күндері театр сахнасында Оралхан Бөкейдің әңгімесі желісінде қойылған «Қар қызы» драмасының тұсаукесері өтеді. Қойылымның қоюшы-режиссері – Шағуан Үмбетқалиев. Театрдағы қойылымдардың апталық репертуары театрдың әлеуметтік желідегі парақшаларына шықты. Билеттерді



кассадан немесе сайттан сатып алуға болады. Сұлу да бекзат өнер ұжымы өз көрермендерін асыға күтеді.

БАСТЫ МАҚСАТ – КӨРЕРМЕНДІ ҚУАНТУ



Қуыршақ театры – жан-жақтылығымен өзгешеленген, жаңаша форматтар мен батыл қадамдардың, тың жаңалықтардың ордасы. Алматы қаласы Мәдениет басқармасының Мемлекеттік қуыршақ театры – қазіргі таңда үзіліссіз жұмыс істейтін республика бойынша жалғыз театр.

Театр ұжымы премьералары мен онлайн форматтағы танымдық жобаларын қазіргі қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайда да сақтық шараларын қатаң сақтай отырып ұсынып келеді. Олардың қатарындағы қазақтың халық ертегілерімен қатар, түрлі ұлт өкілдерінің үздік туындылары – талғаммен таңдалған «Балаларға базарлық», «Қайырлы түн, балақай!», «Ертегілер апталығы», «Үйрен де, жирен, балақай!», «Таңғы жаттығу жасайық!» сынды айдарлар көрермен сұранысына ие.

Ересектерге арналған қойылымдарға келсек, көрнекті композитор Шәмші Қалдаяқовтың 90 жылдық мерейтойына орай, «Өмір – өзен» музыкалық спектаклі қойылды. У.Шекспирдің «Макбет» трагедиясы да адамның ішкі арпалыс сезімдерін, нәзік те тылсым психологиялық күштерді, философиялық ойлар мен бүгінгі күнде де маңызын жоғалтпаған мәселелерді шебер бейнелеген қойылым ретінде көрермендер мен кәсіби сыншылардан жоғары бағасын алды. Театр репертуары көрермендерді көпшілікке, мейірімділікке жетелейтін орыс халық ертегісі «Үйшік», кішіпейілділік пен тазалыққа, мақсатшылдық пен ғажайыпқа үндейтін «Күлше қыз», көңілді әуен ырғағында музыканың алғышарттарын үйрететін танымдық бағыттағы «Қасқыр мен жеті лақ», ұлттық наным-сенімдер, салт-дәстүрлерден көрініс беретін «Ер Төстік» қойылымдарымен толықты. 2020 жылдың қорытындысы бойынша республика театрлары арасында «БАҚ-пен үздік жұмыс жасаған театр», «Онлайн форматтағы ең үздік театр», сонымен қатар, «Балаларға арналған үздік қойылым ата-алымдарымен марапатталды.

«Алматы күні» аясында қаланың гүлденуі, болашағының жарқын да алаңсыз болуына жастардың да қосар үлесі зор екенін көрсететін – «Алматы – махаббат мекені», сан жылдар тарих сынында сыналып атамекеміне қайта оралған алма ағашының жемісі – Алматы апортының киесін наси-

хаттайтын «Алматының апортын, сәулем, саған сыйлаймын» сынды онлайн-жобалар жуырда көрермен назарына ұсынылмақ.

Кәсіби шығармашылығын шыңдап, театр әлеміндегі жаңашыл бағыттар мен елеулі жаңалықтарды назардан тыс қалдырмай, рухани жаңару мен дамуды негізгі жұмыс өзегіне айналдырған Қуыршақ театры жыл басынан бастап Татарстан Республикасы Қазан қаласында өткізілген «Наурыз» XV Халықаралық түркі халықтарының театр фестивалінде «Мен бір жұмбақ адаммын... Абай» қойылымын онлайн ұсынып, арнайы дипломмен марапатталды. Санкт-Петербургте онлайн форматта өткізілген «КУКАРТ» XV Халықаралық қуыршақ және синтетикалық театрлар фестиваліне сараптаудан өтіп, арнайы шақыртумен қатысқан «Ромео мен Джульетта» қойылымы «Уильям Шекспир шығармасының қазақ тіліндегі ерекше оқылымы» номинациясына ие болды.

Сонымен қатар, Ш.Айтматовтың «Ана – Жер-Ана» қойылымы онлайн форматта шетелдік театр ұжымдары арасында жазушы шығармалары желісінде сахналанған спектакльдер қатарынан топ жарып, Қырғызстан Республикасының ұлттық «Эргуу» театр жүлдесін иеленіп, «Қырғыз авторының шығармасын ең үздік сахналған шетелдік театр» номинациясы бойынша жеңіске жетті. Өнер ұжымы қазан айында Түркияда өткізілетін VII Халықаралық «Анкара» қуыршақ театрлар фестиваліне үш мәрте шақыру алып, биылғы жылы ересектерге арналған «Макбет. Иллюзия» қойылымымен қатысуды жоспарлап отыр.

Сонымен қатар, Республикамызда ұйымдастырылатын «TeART-Көкше» Халықаралық театр фестиваліне «Қаштанка» қойылымымен және Қарағанды қаласында өткізілетін «Сын – шын болсын...» Әшірбек Сығай атындағы республикалық театрлар фестиваліне «Ромео мен Джульетта» трагедиясын ұсынуға дайындық үстінде.

Сырлы әлемімен баурайтын қарапайым қуыршақтардың түрлі мүмкіндіктерін жан-жақты көрсететін жаңашыл формалар мен батыл қадамдардың айқын көрінісінің айғағы – Алматы мемлекеттік Қуыршақ театры. Ал өнер ордасының ең басты миссиясы – көрермен қуанышын арттыру.

Алмат ӘБДІРАХМАНОВ,
«Мемлекеттік қуыршақ театры» КМҚК
директорының орынбасары.

БІЛІМ

Ақпараттық заманның ағымы білім берудің жаңа жүйесі – онлайн білім алуды іске қосты. Бұл – ұстаз бен оқушының сыныптан тыс виртуалды әлемде кездесуі. Білім алудың мұндай жаңа әдісі көптеген кедергіні жоюға мүмкіндік берді. Мәселен, елде карантин басталып, оқу орындары мен мектептер қашықтан білім беруге көшкелі барлық білім беретін мекеме онлайн оқуды әжептәуір меңгеріп қалды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Пандемия бүкіл әлем елдерін, экономика, ғылым мен білім, сауда, т.б. салаларды қатты есенгіреткені рас. Соған карамастан Италия үкіметі мұғалімдерге қашықтан оқуға ыңғайлы бейнесабактар мен сабақ жоспарларына қолжетімді арнайы веб-сайт құрған. Дер кезінде құрылған бұл жүйенің арқасында мемлекеттің білім беру саласы пандемиядан айтарлықтай зардап шеккен жоқ.

Ал Оңтүстік Корея пандемияға дейін бес жыл бұрын қағаз түріндегі оқулықтардан

БРАЙН-ТРЕНЕР- миды жаттықтырушы маман



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

толығымен бас тартты. Қазақстан әзірге кітаптан бас тартуға дайын емес екені түсінікті. Дегенмен, соңғы жылдары онлайн

білім беретін ұйымдардың көбейгеніне қарап, сұраныстың барын ұғу қиынға соқпайды. Қашықтан оқудың тағы бір қыры...

Онлайн оқу басталған тұста оқушы үшін дәстүрлі оқу ыңғайлырақ еді. Осыдан бір жарым жыл бұрын әлеуметтік осы сынды алуан түрлі пікірлер менмұңдалап тұрды. Мәселен, алматылық ата-ана Ләззаттың ойынша, «бала мектепке барып, ұстазының алдында отырып, тәрбие мен білім алмаса болмайтын сияқты. Баланың еш қызығушылығы жоқ. Біздің педагогикалық сауатымыз жоқ», – дейді Ләззат.

Әрине, бұл жерде ата-аналарды да түсінуге болады. Қазіргі білім беру бағдарламасы олардың осыдан жиырма, тіпті отыз жыл бұрын алған білім бағдарламасынан тіптен бөлек. Бұған қарап ата-аналардың дені бұрынғыдай мектеп қабырғасындағы дәстүрлі оқуды жалғастырғанын қалайды. Дейтұрғанмен, қашықтан оқудың да он нәтижесі бар. Ата-ана ұстаздың қадірін сезініп, еңбегі де елене бастады. Ал сегіз жылдан бері онлайн білім алып келе жатқан, заманауи мұғалім – брайн-тренер Перизат Мұратқызының айтуынша, өмірде болатын түрлі жағдайларды ескерсек, қашықтан оқыту мен онлайн білім беру тек эпидемиологиялық жағдайда ғана емес, сонымен қатар басқа уақытта да өте ыңғайлы болып саналады.

Брайн-тренер маманын бірі білсе, бірі білмес. Мектепте үйретілмейтін жаттығулар мен әдістемелер арқылы баланың зейінін, логика, жады және оқу жылдамдығын, баланың ойлау жүйесін жан-жақты арттыратын бүгінгі күннің заманауи маманы. Қысқаша айтқанда, брайн-тренер – миды дамытатын маман.

Перизат МҰРАТҚЫЗЫ:

«Кемеңгер» балалар жадын дамыту онлайн мектебінің негізін қалаушы, брайн-тренер:

Ең оңтайлысы – онлайн білім алу

Адам баласы үнемі денені жаттықтырады да, миды жаттықтыру назардан тыс қалып жатады. Әлемдегі кез келген нәрсе логика мен зейінге тікелей қатысты екенін ескерсек, миды тек балалар ғана емес, ересек адамдар да үнемі дамытып отыру керек. Әсіресе, 6–12 жастағы балаларға «тиімді оқу» маңызды. Тоғыз жылдық тәжірибем сүйеніп айтып отырмын. Бүгінде бұл жастағы балалар не оқып отырғанын дұрыс түсінбейді. Себебін іздеп көп ойланудың да қажеті жоқ. Біріншіден, баланың бар ойын смартфон мен гаджеттер жаулап алған.

Екіншіден, біздегі балалар денесін шынықтырмайды. Осы нәрселер өзара байланыста болмайынша, бала кез келген ақпаратты қабылдай алмайды. Дәстүрлі түрде оқып жүрген балаға мұғалім қанша үйретіп отырса да, көп нәрсені түсінбейді. Балаға ешнәрсе қызық емес. Өйткені, балаға бәрінен де виртуалды әлем қызығырақ. Біздің онлайн мектепте 6–12 жасқа арналған бірнеше авторлық кітап бар. Кітаптың бәрі осы жастағы баланың миын үнемі жаттықтырып отыратын түрлі жаттығулармен топтастырылған.

Қазір екі баланың бірі көп сөйлемейтін тұйық, сөздік қоры

жоқ, айтып берген әңгімені кері өзіне баяндап бере алмайды. Ең қарапайым деген нәрсенің байыбына жете алмайтын да жағдайлар көп. Біздің онлайн білім беретін орталыққа көбіне осындай мәселелері бар, білім алуда кедергіге тап болатын балалар келеді. Онлайн оқу қиын емес. Онлайн мен қашықтан оқудың аражігін ажырата бермейді. Онлайн оқу – сабаққа арналған дәрістер арнайы күні бұрын түсіріліп дайындалған, оны оқушы кез келген уақытта ашып тыңдап немесе оқи алатын оқу жүйесі, ал қашықтан оқу бетпестік бір уақытта барлығы бірдей немесе оқушы мен мұғалім қа-

тар кіріп оқылатын сабақ алу түрі. Әрине, қашықтан оқу кезінде әртүрлі мәселе туындауы әбден мүмкін. Себебі, әртүрлі, жарық өшіп қалу, мұғалімде интернет әлсіз болып қалуы секілді техникалық ақаулар болып қалуы мүмкін.

Ал онлайн оқуда ондай мәселе туындамайды. Арнайы платформада дайын тұрған дәрісті өзіңізге ыңғайлы кез келген уақытта ашып оқи бересіз. Өз басым 2013 жылдан бері онлайн білім алып келемін. Сондықтан балаға да, ересек адамға да ең оңтайлы білім алу тәсілі, ол – онлайн білім алу деп толық сеніммен айта аламын.



КӘСІП – НӘСІП


Шаһарда электрлі самокат жөндеушілерге сұраныс артып келеді. Қос дөңгелекті көлік құралын тізгіндеу бүгінде сәннен гөрі қажеттілікке айналды. Ол – арзан әрі діндеген жерге жетудің жылдам түрі. Кептелісте тұрмайды, уақыт үнемдейді.



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Ресейде жоғары білім алған Әджен Бексұлтанов 2 жылдан бері заманауи көлік құралдарын жөндеумен айналысады. Ол электрлі самокат, мопед, велосипед сынды техникалардың шебері. Өзі жұмыс істейтін сервистік компания орта есеппен күніне 20–30 самокатқа техникалық қызмет көрсетеді екен.

– Самокаттарды жөндеу кезінде логикалық жағынан ұшқыр болуың керек. Мысалы, дөңгелектің жұмыс істеуі, кабельдерге токтың берілу қуаты және жылдамдықты есептеу барлығын ескеру керек. Жөндеу кезіндегі қиын тұстардың бірі – қуатты бағыттаушы құрылғы. Самокаттың



орталық басқарушы жүйесі сол. Бұлардың да құрылымы жылдан-жылға күрделі болып барады, – деп электрлі самокаттардың құрылымы автобильге қарағанда қарапайым болғанымен, өзіндік ерекшелігі бар екенін түсіндірді.

Самокаттарға техникалық қызмет көрсетуші орталықтар жұмысқа қабылдау кезінде бірнеше талапты назарға алады екен. Біріншіден, техникалық сала бойынша жоғары білімі болғаны абзал. Одан

САМОКАТ ҚҰРЫЛЫМЫ жыл сайын күрделеніп келеді

кейін электронды құрылғылармен жұмыс істей алатын тәжірибесі ескеріледі.

– Бізде жұмыс істейтін шеберлердің көбі – техникалық университеттерде электронды техника саласы бойынша білім алғандар. Бұл жаңа сала болғандықтан, өзге мамандармен жиі тәжірибе алмасып отырамыз. Өйткені, электрлі самокаттардың құрылымы жыл сайын дамып жатыр. Тіптен, жоғары білімі болмаса да, осы салаға қызығатын жастарды үйретіп, жұмысқа қабылдадық, – деді техникалық қызмет көрсету орталығының жетекшісі Маргарита Файль.

Сала мамандарының айтуынша, электрлі самокаттардың бағасы сапасына қарай 200 мыңнан 2 миллион теңгеге дейін тұрады екен. Бүгінде қалада самокаттарды жалға беру қызметі де дамып келеді. Тек жастар техниканы қолдану ережесімен қатар, жол ережесін сақтай бермейтін көрінеді.



– Ең бастысы, жол ережесін бұзбау, самокаттың жүре алмайтын жеріне кірмеу, сулы асфальтпен көп жүрмеу. Өйткені, екі дөңгелекті болған соң өте қатты таяды. Соның кесірінен жол көлік оқиғалары көп болады, – деді Шерингтік компанияның бас инженері Ырысбек Асқаров.

Самокатқа көп қосалқы бөлшектер қажеті де жоқ көрінеді. Десе де, мамандар әр 200 шақырым сайын техникалық тексеруден өтіп тұруға кеңес береді. Өйткені, дөңгелек жарылып, тежегіш істен шығуы мүмкін. Мұндай жағдайда адам өміріне қауіп төнуі ықтимал.



Алматы қаласы әкімдігі
2021 жылғы 3 қыркүйек №378ш

ШЕШІМ
2021 жылғы 27 тамыздағы №82

Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы
14 желтоқсандағы №517 «Алматы қаласының
2021-2023 жылдарға арналған бюджеті туралы» шешіміне
өзгерістер енгізу туралы

ШЕШТІ:

1. Алматы қаласы мәслихатының «Алматы қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті тура-
лы» 2020 жылғы 14 желтоқсандағы №517 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік
тіркеу тізілімінде №1673 болып тіркелген), келесі өзгерістер енгізілсін:
1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«1. Алматы қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымша-
ларына сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:
1) кірістер – 876 552 754 мың теңге, оның ішінде мыналар бойынша:
салықтық түсімдер – 675 344 159 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 9 734 111 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 25 764 764 мың теңге;
трансферттер түсімдері – 165 709 720 мың теңге;
2) шығындар – 951 495 728,4 мың теңге;
3) таза бюджеттік кредиттеу – 19 705 052 мың теңге;
4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 37 540 835 мың теңге, оның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 37 909 804 мың теңге;
5) бюджет тапшылығы (профициті) – 132 188 861,4 мың теңге;
6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профициті пайдалану) – 132 188 861,4 мың теңге»;
6-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«6. Қала бюджетінде жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтерді қаржыландыру 9 966 102 мың теңге
сомасында бекітілсін»;
7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«7. Қорғаныс шығындары 6 492 576 мың теңге сомасында бекітілсін»;
8-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«8. Қоғамдық тәртіпті, қауіпсіздікті, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметті қамтамасыз ету бо-
йынша шығындар 20 960 466 мың теңге сомасында бекітілсін»;
9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«9. Білім беру шығындары 233 262 315,4 мың теңге сомасында бекітілсін»;
10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«10. Денсаулық сақтау шығындары 52 334 230 мың теңге сомасында бекітілсін»;
11-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«11. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету шығындары 38 668 492,6 мың теңге сомасын-
да бекітілсін»;
12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«12. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық шығындары 159 008 367 мың теңге сомасында бекітілсін»;
13-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«13. Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік шығындары 36 395 308 мың теңге сомасында
бекітілсін»;
14-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«14. Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану шығындары 19 761 103 мың теңге
сомасында бекітілсін»;
15-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«15. Ауыл шаруашылығы, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың,
қоршаған орта мен жануарлар әлемін қорғау, жер қатынастары шығындары 13 433 539 мың теңге сома-
сында бекітілсін»;
16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«16. Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметтеріне шығындар 4 219 402 мың теңге
сомасында бекітілсін»;
17-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«17. Көлік және коммуникация шығындары 113 214 487 мың теңге сомасында бекітілсін»;
18-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:
«18. Басқа да шығындар 84 349 821 мың теңге сомасында бекітілсін».
2. Көрсетілген шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазыл-
сын.
3. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласы мәслихатының хатшысы С.КАНКУРОВ.

Алматы қаласы мәслихатының
2021 жылғы 27 тамыздағы №82 шешіміне қосымша

Алматы қаласы мәслихатының
2020 жылғы 14 желтоқсандағы № 517 шешіміне 1-қосымша

Алматы қаласының 2021-2023 жылдарға арналған бюджеті

Санаты	Сыныбы			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Ішкі сыныбы				
		Специфика			
		1	2		3
				I. Кірістер	876 552 754,0
1				Салықтық түсімдер	675 344 159,0
	01			Табыс салығы	452 549 290,0
		1		Корпоративтік табыс салығы	217 430 295,0
		2		Жеке табыс салығы	235 118 995,0
	03			Әлеуметтік салық	146 347 124,0
		1		Әлеуметтік салық	146 347 124,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	46 085 121,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	27 346 993,0
		3		Жер салығы	3 686 798,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	15 044 710,0
		5		Бірыңғай жер салығы	6 620,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтер көрсетуге салынатын ішкі салықтар	25 139 930,0
		2		Акциздер	16 262 455,0
		3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 638 231,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	6 239 217,0
		5		Ойын бизнесіне салық	27,0
	08			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	5 222 694,0
		1		Мемлекеттік баж	5 222 694,0
2				Салықтық емес түсімдер	9 734 111,0
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	1 445 610,0

		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	289 154,0
		3	Мемлекет меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивиденттер	128 121,0
		4	Мемлекет меншігіндегі, заңды тұлғаларға қатысу үлесіне кірістер	136 649,0
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	800 770,0
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақы-лар	79 531,0
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	11 385,0
	02		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуі-нен түсетін түсімдер	3 683,0
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуі-нен түсетін түсімдер	3 683,0
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізу-ден түсетін ақша түсімдері	4 046,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қа-зақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыс-тар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	7 030 855,0
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтема-қы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюд-жеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республи-касы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) қамтылатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекеме-лер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	7 030 855,0
	06		Өзге де салықтық емес түсімдер	1 249 917,0
		1	Өзге де салықтық емес түсімдер	1 249 917,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	25 764 764,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 314 764,0
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	22 314 764,0
	03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	3 450 000,0
		1	Жерді сату	3 300 000,0
		2	Материалдық емес активтерді сату	150 000,0
4			Трансферттер түсімдері	165 709 720,0
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	165 709 720,0
		1	Республикалық бюджеттен түсетін трансферттер	165 709 720,0

Функционалдық топ Функционалдық кіші топ Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Бағдарлама				Сомасы, мың теңге
			Атауы	
			II. Шығындар	951 495 728,4
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	9 966 102,0
	111		Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының аппараты	150 952,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана мәслихатының қызметін қамтамасыз ету	144 982,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 970,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	2 363 549,0
		001	Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің қызметін қамтамасыз ету	2 150 640,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	212 909,0
	123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	4 647 049,0
		001	Қаладағы аудан әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	3 091 049,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 556 000,0
	325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	82 137,0
		013	Республикалық маңызы бар қала, астана Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	82 137,0
	379		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясы	314 850,0
		001	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	308 650,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	6 200,0
	318		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік активтер басқармасы	1 090 607,0
		001	Жергілікті деңгейде коммуналдық мүлікті және мемлекеттік сатып алу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	572 622,0
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	10 952,0
		011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	58 469,0
		014	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	448 564,0
	320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	61 474,0
		010	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	61 474,0
	320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	649 233,0
		001	Экономикалық саясат, жоспарлау және бюджетті атқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	649 233,0
	369		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың дін істері басқармасы	606 251,0
		001	Жергілікті деңгейде дін қызметі саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	481 636,0
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 932,0
		004	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4 905,0
		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	116 778,0
02			Қорғаныс	6 492 576,0
	121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	340 337,0
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	123 977,0



			011	Аумақтық қорғанысты даярлау және республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумақтық қорғаныс	216 360,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	1 582 086,0
			014	Республикалық маңызы бар қалалар, астана ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	1 582 086,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	1 351 663,0
			030	Жұмылдыру дайындығы және төтенше жағдайлар объектілерін дамыту	1 351 663,0
		387		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы органдардың аумақтық органы	3 218 490,0
			003	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің күрделі шығыстары	2 535 451,0
			004	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың азаматтық қорғаныс іс-шаралары	683 039,0
03				Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	20 960 466,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	19 882,0
			021	Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік объектілерін салу	19 882,0
		352		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетінен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	17 918 393,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер қамтамасыз ету	15 570 498,0
			003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	18 000,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 329 895,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	314 805,0
			099	Зираттар бар крематорийлер салу	314 805,0
			317	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	2 707 386,0
			004	Елдімекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	2 707 386,0
04				Білім беру	233 262 315,4
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	3 549 376,4
			006	Алматы қаласында мектепке дейінгі ұйымдарды сейсмикалық күшейту	1 277 991,0
			037	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту объектілерін салу және реконструкциялау	2 271 385,4
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	32 317 928,0
			034	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту	32 317 928,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	36 857 850,0
			027	Алматы қаласында орта білім беру объектілерін сейсмикалық күшейту	3 961 878,0
			028	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	32 894 972,0
			069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 000,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	3 271 154,0
			006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	2 760 981,0
			007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	510 173,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	118 307 653,0
			003	Жалпы білім беру	44 595 308,0
			004	Арнаулы білім беру бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	4 684 366,0
			005	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	2 077 593,0
			008	Балаларға қосымша білім беру	5 366 846,0
			019	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелеріне жұмыстағы жоғары көрсеткіштері үшін гранттар беру	34 000,0
			040	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	61 549 540,0
		322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	601 435,0
			043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	601 435,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	19 754 350,0
			018	Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру	32 789,0
			024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	19 721 561,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	5 029,0
			019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	5 029,0
		322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	238 622,0
			003	Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау	238 622,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	6 780 321,0
			038	Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	6 780 321,0
		322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	342 283,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	342 283,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	87 185,0
			057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	87 185,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	11 149 129,0

			001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	414 648,0
			006	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру мекемелерінде білім беру жүйесін ақпараттандыру	495 545,0
			007	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	2 700 545,0
			009	Республикалық маңызы бар қала, астана ауқымындағы мектеп олимпиадаларын және мектептен тыс іс-шараларды өткізу	627 590,0
			013	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	607 783,0
			014	Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдердің оңалту және әлеуметтік бейімдеу	188 641,0
			021	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асырау-шыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	335 730,0
			027	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін Қазақстан азаматтарына біржолғы ақша қаражатын төлеуге арналған төлемдер	6 626,0
			067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	5 772 021,0
05				Денсаулық сақтау	52 334 230,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	6 280 231,0
			009	Алматы қаласында қоғамдық денсаулық объектілерін сейсмикалық күшейту	517 227,0
			038	Қоғамдық денсаулық объектілерін салу және реконструкциялау	5 763 004,0
		322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	8 765 381,0
			005	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеу	1 607 936,0
			006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	294 180,0
			007	Салауатты өмір салтын насихаттау	28 038,0
			041	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін қосымша қамтамасыз ету	6 835 227,0
		322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	3 623 367,0
			027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	3 623 367,0
		322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	1 118 884,0
			039	Республикалық бюджет қаражаты есебінен көрсетілетін көмекті қоспағанда ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтерді және медициналық қызметтерді көрсетуі және Call-орталықтардың қызмет көрсетуі	1 118 884,0
		322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	39 254,0
			029	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың арнайы медициналық жабдықтау базалары	39 254,0
		322		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық денсаулық басқармасы	32 507 113,0
			001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	329 982,0
			008	Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	53 767,0
			016	Азаматтарды елдімекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүрумен қамтамасыз ету	5 324,0
			018	Қоғамдық денсаулық саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	136 612,0
			030	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	22 735,0
			033	Медициналық қоғамдық денсаулық ұйымдарының күрделі шығыстары	28 676 251,0
			051	COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды іске асыру жөніндегі қызметтер	3 260 673,0
			052	COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алуға бағытталған күрделі шығыстар	21 769,0
06				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	38 668 492,6
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	627 298,0
			039	Әлеуметтік әл-ауқат объектілерін салу және реконструкциялау	627 298,0
		327		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әлеуметтік әл-ауқат басқармасы	8 417 549,6
			002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	976 987,0
			006	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	4 315 447,0
			020	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 520 003,0
			021	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	557 018,6
			022	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	1 044 915,0
			057	Атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алушылар болып табылатын жеке тұлғаларды телевизиялық абоненттік жалғама-лармен қамтамасыз ету	3 179,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	1 050 627,0
			016	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	878 617,0
			037	Әлеуметтік сауықтандыру	172 010,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	923 841,0

			041	Профилактикалық дезинсекция мен дератизация жүргізу (инфекциялық және паразиттік аурулардың табиғи ошақтарының аумағындағы, сондай-ақ инфекциялық және паразиттік аурулардың ошақтарындағы дезинсекция мен дератизацияны қоспағанда)	94 000,0
08				Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	36 395 308,0
		123		Қаладағы аудан әкімінің аппараты	51 000,0
			006	Жергілікті деңгейде мәдени-демалыс жұмыстарын қолдау	51 000,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	172 916,0
			014	Мәдениет объектілерін дамыту	172 916,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	8 750 087,0
			004	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	5 619 379,0
			005	Тарихи-мәдени мұраны сақтауды және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету	1 172 427,0
			006	Мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте сақтау	1 000,0
			007	Театр және музыка өнерін қолдау	1 271 920,0
			008	Зоопарктер мен дендропарктердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету	685 361,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	7 647 288,0
			018	Спорт объектілерін дамыту	7 647 288,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	8 599 077,0
			001	Жергілікті деңгейде спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	169 769,0
			002	Жергілікті деңгейде спорттық жарыстар өткізу	2 384 394,0
			003	Республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға әртүрлі спорт түрлері бойынша құрама командалары мүшелерінің дайындығы және қатысуы	5 184 463,0
			016	Мемлекеттік қалалық спорттық ұйымдардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	787 015,0
			032	Бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	73 436,0
		313		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың цифровизация басқармасы	2 004 248,0
			001	Жергілікті деңгейде цифровизация саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 987 716,0
			009	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	16 532,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	3 803 504,0
			005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	3 803 504,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	1 290 243,0
			009	Қалалық кітапханалардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету	861 957,0
			010	Архив қорының сақталуын қамтамасыз ету	428 286,0
		380		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың туризм басқармасы	1 897 891,0
			001	Жергілікті деңгейде туризм саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	135 364,0
			002	Туристік қызметті реттеу	1 758 465,0
			004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	4 062,0
		304		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың креативтік индустриялар басқармасы	441 367,0
			001	Жергілікті деңгейде креативті индустрия саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	65 780,0
			002	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	18 819,0
			003	Қаланың креативті индустриясын қолдау бойынша қалалық іс-шаралар өткізу	356 768,0
		325		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қоғамдық даму басқармасы	1 338 404,0
			001	Қоғамдық даму саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру	919 328,0
			003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	417 586,0
			007	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1 490,0
		361		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың мәдениет басқармасы	399 283,0
			001	Жергілікті деңгейде мәдениет саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	192 807,0
			032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	206 476,0
09				Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану	19 761 103,0
		316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	19 761 103,0
			012	Жылу-энергетикалық жүйені дамыту	19 761 103,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	11 433 539,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	2 187 853,0
			011	Мал көмінділерінің (биотермиялық шұңқырлардың) жұмыс істеуін қамтамасыз ету	4 500,0
			014	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	157 359,0
			016	Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	6 282,0
			021	Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс-шаралар	17 920,0
			022	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	163 448,0
			034	Жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіру шығындарын өтеу	601,0
			043	Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік сепке алуға және тіркеу	11 125,0
			044	Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау	53 932,0
			047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	916,0
			050	Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу	575 914,0



			055	Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау	218 428,0
			056	Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	926 133,0
			057	Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау	51 295,0
		315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	631 310,0
			009	Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	631 310,0
		315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	8 241 964,0
			001	Жергілікті деңгейде қоршаған ортаны қорғау және жасыл экономиканы дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	214 545,0
			004	Қоршаған ортаны сауықтыру бойынша іс-шаралар	3 089 673,0
			005	Экожүйе объектілерін дамыту	4 472 744,0
			006	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды күтіп-ұстау және қорғау	461 052,0
			012	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 950,0
		351		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жер қатынастары басқармасы	372 412,0
			001	Республикалық маңызы бар қала, астана аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	372 412,0
11				Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	4 219 402,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	1 295 902,0
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 235 902,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	60 000,0
		319		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасы	2 580 205,0
			001	Жергілікті деңгейде сәулет және құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	553 698,0
			002	Елдімекендердегі құрылыстардың бас жоспарын әзірлеу	2 026 507,0
		324		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қала құрылысын бақылау басқармасы	343 295,0
			001	Жергілікті мемлекеттік қала құрылысы және жерді бақылау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	343 295,0
12				Көлік және коммуникация	101 068 031,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	52 509 326,0
			007	Көлік инфрақұрылымын дамыту	29 599 643,0
			016	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	22 909 683,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	48 558 705,0
			001	Жергілікті деңгейде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 582 219,0
			003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	336 856,0
			008	Метрополитендегі жолаушылар тасымалын субсидиялау	4 688 666,0
			009	Әлеуметтік маңызы бар ішкі қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	38 461 448,0
			011	Жол жүрісін реттеудің техникалық құралдарын салу және реконструкциялау	3 489 516,0
13				Басқалар	57 079 137,0
		316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	736 401,0
			040	Арнайы экономикалық аймақтардың, индустриялық парктардың, индустриялық парктардың инфрақұрылымын дамыту	736 401,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	14 571,0
			020	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту	14 571,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	24 361 728,0
			005	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	1 463 728,0
			017	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау	20 526 903,0
			018	«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара кепілдендіру	2 224 744,0
			027	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру	101 353,0
			082	«Бизнестің жол картасы–2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру	45 000,0
		314		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жайлы қалалық орта басқармасы	3 424 859,0
			031	Әкімшілік ғимараттар кешенін салу	3 424 859,0
		315		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жасыл экономика басқармасы	1 961 213,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 961 213,0
		316		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы	6 401 548,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	6 401 548,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	4 030 824,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	4 030 824,0
		320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	13 014 344,0

			003	Жергілікті бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу	400 000,0
			013	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының резерві	12 614 344,0
		323		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың спорт басқармасы	1 254 227,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	1 254 227,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 500 619,0
			001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлік, өнеркәсіп, инвестициялар және ауыл шаруашылық, ветеринария саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	1 043 917,0
			004	Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау шеңберінде іс-шараларды іске асыру	456 702,0
		360		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың білім басқармасы	378 803,0
			096	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалар бойынша мемлекеттік міндеттемелерді орындау	378 803,0
14				Борышқа қызмет көрсету	7 137 341,0
		320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	7 137 341,0
			005	Жергілікті атқарушы органдардың борышына қызмет көрсету	7 133 035,0
			018	Жергілікті атқарушы органдардың республикалық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	4 306,0
15				Трансферттер	211 057 318,4
		320		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың стратегия және бюджет басқармасы	211 057 318,4
			006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	2 030 014,4
			007	Бюджеттік алып қоюлар	190 108 501,0
			024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	18 485 000,0
			049	Бюджет заңнамасымен қарастырылған жағдайларда жалпы сипаттағы трансферттерді қайтару	433 803,0
				III. Таза бюджеттік кредит беру	19 705 052,0
				Бюджеттік кредиттері	20 855 336,0
07				Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	17 348 000,0
		321		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тұрғын үй және тұрғын саясаты басқармасы	17 348 000,0
			012	Тұрғын үй қарыздарын беру үшін «Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» акционерлік қоғамына бюджеттік кредит беру	17 348 000,0
10				Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	2 000 000,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	2 000 000,0
			048	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру	2 000 000,0
13				Басқалар	1 507 336,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	1 507 336,0
			069	Республикалық маңызы бар қалада кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру	1 507 336,0
05				Бюджеттік кредиттерді өтеу	1 150 284,0
		1		Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	1 150 284,0
		06		Қарыз алушы банктарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар	1 150 284,0
				IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	37 540 835,0
				Қаржы активтерін сатып алу	37 909 804,0
12				Көлік және коммуникация	12 146 456,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	12 146 456,0
			019	Метрополитен салуға заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту	12 146 456,0
13				Басқалар	25 763 348,0
		121		Республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің аппараты	116 517,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	116 517,0
		317		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың қалалық мобильділік басқармасы	6 749 060,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	6 749 060,0
		321		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тұрғын үй және тұрғын саясаты басқармасы	2 371 400,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	2 371 400,0
		326		Республикалық маңызы бар қаланың, астананың кәсіпкерлік және кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы	16 526 371,0
			065	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыру немесе ұлғайту	16 526 371,0
06				Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	368 969,0
		1		Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	368 969,0
		02		Коммуналдық меншіктегі заңды тұлғалардың қатысу үлестерін, бағалы қағаздарын сатудан түсетін түсімдер	100 000,0
		05		Мүліктік кешен түріндегі коммуналдық мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарды және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың жедел басқаруындағы немесе шаруашылық жүргізуіндегі өзге мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер	268 969,0
				V. Бюджеттік дефицит	-132 188 861,4
				VI. Бюджет дефицитін қаржыландыру	132 188 861,4



КАТАР-2022



Валиуллин бийігі

Іріктеу кезеңі. D тобы.

4 тур. Қазақстан – Украина – 2:2 (Валиуллин, 74, 90+6 – Яремчук, 2, Сикан, 90+3).

Франция – Босния және Герцеговина – 1:1 (Гризманн, 40 – Джеко, 36).

5 тур. Финляндия – Қазақстан – 1:0 (Похьянпало, 60).

Украина – Франция – 1:1 (Шапаренко, 44 – Марсьяль, 50).

Қыркүйектің алғашқы аптасында өткен қос тур ойындары D тобындағы құрамалардың бәйгесін одан әрі шиеленістіріп жіберді. Украина мен Франция екі ойыннан екі ұпай ғана олжалады, ал Финляндия бізден алған толыққанды үш ұпай арқасында екінші орынға көтерілді. О баста топтың анық аутсайдері делінген Қазақстан ешкімге ұпай ұстата салмайтыны белгілі болған соң финдер өз алаңында соғылған қарымтасыз жалғыз допқа да қатты қуанғаны анық. Мәселеге ертең өтетін Франция – Финляндия, Босния және Герцеговина – Қазақстан кездесулері біраз жауап тауып беретін сияқты.

Қазақстан құрамасының бас бапкері Талғат Байсуфинов осы үш кездесуге алдын ала дайындалуға мүмкіндік алды. Қазақстан кубогының ширек финалдық ойындары 21 тамызда өтті, ал кейінге қалдырылған «Ордабасы» – «Қызылжар» кездесуінен кейін (26 тамыз) құрамаға Ә.Қасым, сәл кейінірек С.Астанов, Ресей премьер-лигасынан М.Быстров пен Б.Зайнутдинов қосылды. Польшаның «Висла» командасында ойнайтын Г.Жуков та біраз үзілістен соң құрамаға шақырылды.

Бұл жиын жеміс берген сияқты. «Астана Арена» стадионында өткен Украинаға қарсы ойында бапкердің қоластында қалаған футболшының бәрі болды. Алғашқы минуттарда қақпаға доп жіберіп алса да, бірінші таймның ортасынан бастап отандастарымыз шешімді ойынға көшті. Нәтижеде арқауы аса шымыр матч 2:2 есебімен тең аяқталды. 90+3 минутта қарсыластың бір шабуылынан көз жазып қалғанына қарамастан, Қазақстан құрама-

сы ойынның соңғы секундында тең ойынға қол жеткізді: қорғаушы Валиуллин сол қанаттан тағы сытылып шығып, Пяттов қақпасын екінші рет таңбалады. Осы кездесуден кейін УЕФА-ның ресми сайты Р.Валиуллинді төртінші турдың ең үздік футболшысы деп таныды. Ол швециялық В.Классон мен босниялық Э.Джеконың алдын орап кетті.

Босниялық сұрмерген Джеко бұл турда ерекше нәтижеге қол жеткізді. Ол ұлттық құрама сапында 60-добын соғып, еуропалық мергендер арасында 10 орынға көтерілді. Әрине, көш басындағы Криштиану Роналдуға жету қиын болар (111 гол), бірақ 5-6-орындардағы Мирослав Клозе мен Герд Мюллер (71 және 68 гол) жетістігінің төбесі көрініп тұрғаны анық.

Финляндиямен кездесуге Т.Байсуфинов құраманы толықтай дерлік жаңартып қосты. Қақпашы С.Покатилов Украинаға қарсы ойында ескерту алып, екінші кездесуге қатыса алмайтыны белгілі болғанды. Оның орнын қарағандылық И.Шацкий басты.

Айта кету керек, Игорь матчты өте жоғары деңгейде өткізді. Осыған дейін құрамада бір рет төбе көрсеткен қорғаушы Е.Тапалов, жаңа ойыншылардан М.Тайкенов, А.Тәттібаев бірден негізгі құрамнан орын тапты. Ал қостанайлық С.Жарынбетов екінші таймның соңында алаңға шықты. Құрамның 95 пайыз жаңарғанына қарамастан, қазақстандықтар ойынды жақсы өткізді. Жалпы алғанда, тең аяқтауға болатын матч еді. Бірақ кездесуден кейін Т.Байсуфинов финн шабуылшысы Похьянпалонның баспен бағыттаған соққысы өте шебер болғанын, оны қайтару мүмкін еместігін айтып өтті.

D тобында Қазақстан құрамасы екі ұпаймен әзірше соңғы орында тұр. Ертең Сараево қаласында өтетін ойынға бапкер құрама ардагерлері Ю.Логвиненко, С.Покатилов, С.Малый, Р.Валиуллин, А.Тағыберген, И.Қуаттарды сақтаған болар. Қалай дегенде де, біздің құрамада әлі екінші орыннан үміт үзген жок. Әрине, бұл ойымыз тіпті жаңсақ көрінер, бірақ «құласаң, нардан құла» деген ұстаным неге біздің бағытымызға айналмасақ?!

ТОКИО-2022

Паралимпиада чемпиондары марапатталды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жарлығымен Токиода өткен паралимпиада чемпиондарын түрлі ордендермен марапаттады.

Токио-2020 XVI Жазғы Паралимпиада ойындарындағы аса үздік спорттық жетістіктері үшін «Қазақстан Республикасының Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшылары Давид Дегтярев (III дәрежелі «Барыс» орденімен), Зарина Байбатина, Теміржан Дәулет, Әнуар Сариев («Парасат» орденімен), Нұрдаулет Жұмағали («Құрмет» орденімен) наградталды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

КОНФЕРЕНЦИЯ ЛИГАСЫ

Гуральски сапқа қосылады

16 қыркүйекте «Қайрат» (Алматы) өз тарихындағы жаңа белеске қол созады. Алматылықтар Конференция лигасының топтық турнирінде H тобында «Базель» (Швейцария), «Омония» (Кипр) және «Қарабақ» (Әзербайжан) командаларымен сынға түседі. Жақында осы жарысқа «Қайрат» командасының құрамы жарияланды. Жанкүйерлер үшін қуанышты жаңалық – жарты жылдан астам уақыт жарақатын емдеген Я.Гуральскидің тізімге енуі. Қазір поляк футболшысы топпен бірге жаттығуға кірісіп кетті. Нақты «Омонияға» қарсы толық дайын болмаса да, Яцек одан кейін ойын көрігін қыздыратыны анық.

«Қайрат» командасының Конференция лигасына ұсынған құрамы:

Қақпашылар: С.Покатилов, Д.Устименко, Т.Анарбеков;

Қорғаушылар: С.Кейлер, Н.Әліп, К.Оганесян, М.Баньяк, Р.Дугалич, Д.Миканович, Д.Үсенов, Д.Поляков;

Жартылай қорғаушылар: Я.Гуральски, Г.Алықұлов, А.Әбікен, Я.Вороговский, Рикарду Алвеш, Н.Косович, А.Ульшин, Ә.Бораншиев;

Шабуылшылар: Вагнер Лав, Хосе Канте, А.Шушеначев, Жоао Пауло, Е.Сейдахмет.

«Қайраттың» тізгінін жақында Құрбан Бердыев ұстады. Ол ресейлік Д.Кириченконы ассистенттікке шақырды.

Қазақстандық командалар еурокубокларда «Базельмен» және «Омониямен» бір реттен кездесті. 2006 жылы УЕФА кубогының алғашқы іріктеу кезеңінде «Тобыл» (Қостанай) «Базельмен» кездесіп, 0:0 және 1:3 есептерімен жол берді. Ол кезде ба-



зельдіктер құрамында Иван Ракитич, Младен Петрич сияқты танымал футболшылар ойнады.

Ал «Омония» («Ертіспен» (Павлодар) 2003 жылғы Чемпиондар лигасының алғашқы іріктеу кезеңінде жолықты. Никосияда өткен алғашқы кездесу 0:0 есебімен тең аяқталды. Қарымта ойында павлодарлықтар бірінші есеп ашқанмен (М.Ағаев, 22), кипрліктер ойынның соңғы минуттарында жеңісті жұлпып әкетті (Рауфманн, 63, Георгиу, 90+3).

Әзербайжан командалары бұған дейін біздің ұжымдармен еурокубокларда кездесіп көрген жок.

«Қайраттың» Конференция лигасындағы ойын кестесі мынадай:

16 қыркүйек. «Қайрат» – «Омония».

30 қыркүйек. «Базель» – «Қайрат».

21 қазан. «Қарабақ» – «Қайрат».

4 қараша. «Қайрат» – «Қарабақ».

25 қараша. «Қайрат» – «Базель».

9 желтоқсан. «Омония» – «Қайрат».

БОКС

Кенжебаев кезеңі аяқталды



Қазақстан ұлттық құрамасының бас бапкері Ғалымбек Кенжебаев қызметінен кетті. Бұл туралы бірден ресми жарияланбааса да, Кенжебаев Инстаграм желісіндегі парақшасында осы қадамға өз еркімен тәуекел еткенін айтады. Демек, әуесқой бокстағы өзгерістер басталды деуге болады. Токио Олимпиадасынан кейінгі марапаттау жиынында Қазақстан әуесқой бокс федерациясының президенті Кенес Рақышев әзірше шұғыл қимылдар жасалмайтынын айтқан еді. Бірақ бас бапкер алтынсыз және күміссіз олимпиададан кейін құрама басшылығында қала беруді жөн көрмеген сияқты.

Ғ.Кенжебаев құрамаға 2018

жылғы Азия ойындарынан кейін келді. Оған дейін құраманы тоғыз жылға жуық Мырзағали Айтжанов баптады. Жакартадағы сәтсіздіктен кейін (екі күміс) Айтжановтың орнын Кенжебаев басты да, 2019 жылғы әлем чемпионатын өте табысты өткізді. Екатеринбургте (Ресей) өткен әлемдік додада Б.Нұрдаулетов (81 келі) әлем чемпионы атанды, Қамшыбек Қоңқабаев (+91 келі) күміс жүлде еншіледі. Ал С.Бибосынов (52 келі), А.Жүсіпов (69 келі), Т.Құлахмет (75 келі) және В.Левит (91 келі) үздік үштікке енді.

2019 және 2021 жылғы Азия чемпионаттарында Қазақстан құрамасы Өзбекстанды алға жі-

беріп алса да, аса нашар өнер көрсеткен жок. Бірақ Токиодағы сәтсіздікті былғы Азия додасымен байланыстыратындар жетерлік. Құрлық сыны мамыр айының аяғында БАӘ-де өтті де, боксшылар араға бір жарым ай салып Токиоға аттанды. Міне, осы Азия біріншілігі біздің шеберлердің күшін сарқып қойды деген пікірдің де жаны бар сияқты.

Қалай дегенде де, Токио Олимпиадасында Қазақстан құрамасы екі қоламен ғана шектелді. Тәуелсіз мемлекетіміздің тарихында былғары қолғап шеберлері ешқашан олимпиададан алтын жүлдесіз қайтып көрмеген еді. В.Жиров – Б.Саттарханов, Е.Ыбырайымов – Б.Артаев – Б.Сәрсекбаев – С.Сәпиев – Д.Елеусінов арқылы жалғасқан жеңіс жолы осылай Кенжебаев кезеңінде үзілді. Бірақ Ғалымбек Қалиұлы бұған дейін де қазақ боксына еңбек сіңірді, Г.Головиндей дарабоз боксшының жеке бапкері болды. Құрамадан кетсе де, ел боксының игілігі үшін еңбектене беретіні анық.

Биылғы 26 қазан – 6 қараша аралығында Белградта (Сербия) әлем чемпионаты өтеді. Оған құраманы кім бастап баратыны кеше түске таяу белгілі болды. Енді қазақ боксшыларын Қайрат Сәтжанов жаттықтырады.

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне үш айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 3 айға 1801,50 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 3 айға – 4861,50 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 3 айға – 1321,50 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Айжан БҮРКІТБАЕВА**

Газет Қазақстан Республикасы-
ның Ақпарат және қоғамдық
даму министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
күзегі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

ӘЛЕУМЕТ

Шаһарда баға тұрақты



**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**

Биылғы 8 айдың қорытындысы бойынша Алматы қаласы бойынша әлеуметтік маңызға ие азық-түлік тауарларын тұтыну бағасының индексі 109,5%-ды құрады. Яғни республика шеңберінде түзілген рейтингке сүйенсек, бағалардың өсуі бойынша ең төменгі көрсеткіштер Алматыда тіркеліп отыр. Аталған көрсеткіштерге жедел қабылданған бірқатар іс-шаралардың нәтижесінде қол жеткізілді.

Бүгінде шаһарда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының 19 түрі бойынша тұрақты баға қалыптасқан. Оған «Магнум» және «Тоймарт» сауда желілері, сонымен қатар нан өндірушілер («Ақсай» НБК) ЖШС), ет («Асыл Meat» ЖШС және «Union Products» ЖШС), жұмыртқа («Ал-сад» ЖШС) және қант өндірушілер («Ақсу қант» ЖШС) тартылған. Қаланың 7 негізгі азық-түлік базарында (Көк базар, «Жаңа Ақбұлақ» (көтерме базар), «Сарыарқа», «Тас-так», «Таусамалы», «Алматы-1», «Түркісіб») «Әлеуметтік дүкендер» жұмыс істеуде. Онда құны орта есеппен базар бағасынан 5–40%-ға төмен 10 түрлі әлеуметтік маңызға ие азық-түлік тауарлары сатылуда. Қаланың басты базарларында, сауда желілерінде, супермаркеттерінде сол тағамдардың бағаларына күнделікті мониторинг жүргізіліп тұрады.



1 қыркүйектен бастап 22 мың тонна көкөніс өнімдерін (картоп – 10 мың тонна, сәбіз – 4,2 мың тонна, пияз – 4,7 мың тонна, қырыққабат – 3 мың тонна) «Магнум» сауда желісі арқылы төменгі бағамен 9 ай бойы (2021 жылғы қыркүйектен 2022 жылғы мамырды қосқанда) сату басталды. Мысалы, қазіргі кезде картоптың бағасы – 101 теңге, сәбіз – 120 теңге, пияз – 90 теңге, қырыққабат – 81 теңгеден, яғни орташа базар бағасынан 7–35%-ға арзан сатылуда.

Ағымдағы жылы қоймаға салып сақтау көлемі 10 мың тоннаға артқанын (12 мың тоннадан 22 мың тоннаға), сондай ақ өткізу мерзімінің 1 айға артқанын (8 айдан 9 айға) атап өту қажет. Яғни бұл 2021-2022 жылдардағы кезең аралығында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ішінде көкөністердің бағасын ұстап тұруға мүмкіндік береді.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

- * мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
- * бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
- * әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

- * құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
- * құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**

Бостандық ауданы әкімінің аппараты, Ардагерлер кеңесі белсенді зейнеткер, Президиум мүшесі, жастарды патриоттық тәрбиелеу комиссиясының төрағасы

Марат Рахымұлы РАХЫМОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



БАЙҚАУ

ЖЕҢІМПАЗҒА – 5 МИЛЛИОН ТЕНҒЕ!

Алматыда аула аумағын көгалдандыруға байқау жарияланды



**АУЛА АУМАҒЫН
ҮЗДІК КӨГАЛДАНДЫРУ –
2021**

Алматыда қала күніне орай «Аула аумағын үздік көгалдандыру – 2021» байқауы жарияланды. Жеңімпазға ауланы көгалдандыруға қажетті құрал-сайман, өсімдіктер сатып алуға **5 000 000 теңге** көлемінде сертификат табысталады.

Байқау аулаларды абаттандыру және көгалдандыруға, тұрғындардың әлеуметтік белсенділігін бағалау және экологиялық ахуалды жақсарту үшін ұйымдастырылып отыр.

Байқауға тұрғындар, меншік иесі ұйымдары мен пәтер иелері кооперативтері қатыса алады. Іс-шара ауланы көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарына қала тұрғындарының назарын аудару мақсатында ұйымдастырылған. Сонымен қатар, ұйымдастырушылардың айтуынша, қаланың жасыл желегіне көңіл бөлу мәселелеріне де мән берілуде.

Жұмыстарды бағалау кезінде олардың мәдени-эстетикалық, тәжірибелік, жаңашылдық ерекшеліктеріне назар аударылады. Байқауға қатысу үшін www.ecovid.kz сайтында тіркеуден өтіп, өтініш қалдыру қажет. Марапаттау салтанаты Қала күні – 19 қыркүйек күні өтеді.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ



Жүкті аналарда білезік бар

Қарағандыда перзентханада жатқан жүкті аналардың барлығы білезік тағады.

Егер жүкті әйелдің денсаулығы күрт нашарласа, төсектен тұрудың, үрейленіп, айқайға басудың керегі жоқ. Түймені басса болды, бірден дәрігер келеді.

Мәселен, түнде толғақ қысса, аяқастынан ауырып қалса, білезіктегі түймені басып, көмекке шақырады. Ерекшелігі – оны қуаттаудың қажеті жоқ, әрі су өтпейді. Өзірге білезік тек кенді шаһардағы №2 перзентханаға ғана жеткізілген. Жыл соңына дейін өңірдегі барлық клиниканы қамту жоспары бар.

Ісіне адал Кейн

Алматыдағы Ұлттық ұланға қарасты 3650 әскери бөлімінің күзетінде тұрған Ядролық физика институты аумағына тыйым салынған заттың өтіп кетуіне жол берілмеді.



Оқиға былай болған еді. Жауынгерлік қызметте тұрған кинология қызметі бөлімшесінің бастығы старшина Бауыржан Құрбанғалиев мемлекеттік маңызға ие нысанға кіретін көліктерді бақылау пунктіне келген «Субару» маркалы автокөлікті тексере бастайды. Тексеру барысында жетегіндегі Кейн атты қызметтік иті өзінің әрекеті арқылы әлгі көлікті мұқият қарап шығу керектігін ұқтырады. Жарылғыш заттарды іздеуге машықтанған Кейннің өзгеше қимылы старшинаға сезік тудырады. Ол көліктің артқы жағына барып, жүк салатын бөлігінде тыйым салынған заттың барын көрсетеді.

Старшина Бауыржан Құрбанғалиев дереу қарауыл бастығына хабар береді.

Бақылау-өткізу пунктіне жедел жеткен резервтік топ ОФЗ және режим қызметкерлерінің көзінше автокөлікті мұқият қарап шығады. Тексеру барысында салмағы 30 грамм болатын жарылғыш затқа ұқсас нәрсе табылған.

Міне, мемлекеттік маңызға ие іргелі нысан сенімді қолда.

КИНОКЕҢІСТІК

«Өліараға» дайындық

Әсел
БЕЛДЕУБАЕВА

XX ғасырда қазақ халқы басынан кешірген ашаршылық, нәубет жылдарын шетелдік режиссер көгілдір экран туындысына айналдырмақ.

Атақты венгриялық режиссер Тамаш Тот 30-жылдардағы қазақ даласындағы ашаршылық туралы фильм түсірмек. Соған орай, кастинг жарияланды. Фильм «Өліара» деп аталады. Сюжетті бір ауыз сөзбен қысқа қайырсақ, ату жазасына кесілген Иштван Мадьяр қазақ ауылының тұрғындарымен бірлесіп, қызыл әскермен күресуге мәжбүр.

Кастингке 8–10 жас аралығындағы қазақ қыздары қатыса алады. Кастинг жұмыс күндері сағат 11.00–16.00 арасында «Қазақфильм» киностудиясында өткізіледі. ПЛК ғимараты, 256-кабинет. Үміткерлер өзі жайлы ақпаратты oliarakazfilm@gmail.com электронды поштасына жібере алады. Кастинг санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға сай өткізіледі. Киностудияға кіру үшін «Ashyq» қосымшасындағы QR-кодты көрсету керек.

ТЕЛЕШОУ

Мәскеуге барып келді

Инстаграмда ең жас аспаз ретінде танымал алматылық 8 жастағы Рамина Алмас Ресейдегі балаларға арналған «Лучше всех» телешоуының мейманы болып қайтты.

Жалпы, оның ең алғашқы бейнероликтерін анасы Алина Қанатова әлеуметтік желіге осыдан шамамен бес жылдай бұрын жүктеп бастаған екен. Ал оның танымалдылығы «Мен тұрмысқа шықпаймын. Өзім үшін өмір сүргім келеді. Одан да ата-анамның бауырында жүргенім артық емес пе?!» деген бейнежазбасынан соң артқан.

Бүгінгі таңда кішкентай Раминаның Instagram-дағы жазылушылары миллионға жуықтаған. Ол өзінің парақшасында түрлі тамақтардың рецептерін, өмір туралы



көзқарасын, вайндар жариялап тұрады.

Өжет те сөзшен Рамина телешоудың жүргізушісі Максим Галкиннен жұбайы Алланың өзін дұрыс тамақтандыра ма деп сұрады.

«Меніңше, жақсы тамақтандыратын секілді, арық емеспін», – деді жүргізуші. «Қайдам, маған арық секілді көрінесіз», – деді кішкентай Рамина. Ол телешоуда жүргізушімен бірге күздік самса әзірледі.

Рамина – үйде үш баланың үлкені. Вокалға барады. Би билейді. Пысық қыздың бір жасында-ақ тілі шыққан, сөздерді өз бетінше құрап сөйлей бастаған. Оның бірде қуыршағымен өзгеше әңгімелесіп отырғанын байқаған анасы сыртынан видеоға түсіріп алып, парақшасына салады. Содан соң танымал бола бастаған. Бүгінде түрлі тағамдар әзірлеп, өз парақшасына жүктеп жүр.

Әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.